

С. БЕГМАТОВ

МУЗЫКА

6-сыныпқа арналған оқулық

Қайта өңделген 6-басылымы

*Ўзбекстан Республикасы
Халыққа білім беру министрлігі ұсынған*

Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент – 2017

УЎК 78 (075)
КБК 85.313(5й)
М 84

Пікір жазғандар:

Гулчехра ДАДАБОЕВА – Республикалық білім орталығының “Музыка, өнер, еңбек тәлімі, физиологиялық кемелдену және саламаттық” бөлімінің бас әдіскері;

Васила ГАППАРОВА – Ташкент қаласы Учтепа ауданындағы 203-жалпы білім беретін мектептің музыка мәдениеті пәнінің оқытушысы;

Феруза АХМАДЕЕВА – Ташкент қаласы Сіргелі ауданындағы 284-жалпы білім беретін мектептің музыка мәдениеті пәні оқытушысы.

С. Бегматов.

Музыка: 6-сыныпқа арналған оқулық. Қайта өңделген 6-басылымы. – С. Бегматов. – Т.: Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2017. – 88 б.

Оқулықты дұрыс пайдалану үшін төмендегі шартты белгілерді есінде сақтап қал:



– музыка тыңда



– сұрақтар мен тапсырмалар



– музыкалық сауат



– өз бетімен оқу



– ұжыммен ән айту



– дауысты саздау жаттығуы

ISBN 978-9943-4917-7-9

© С.Бегматов
© Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2017 ж

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар! Ұсынылған 6-сынып оқулығы Сендерді, музыка шығармашылығының классикалық әлемімен таныстырады. Классикалық музыка жан-жақты жетілген және кемелденген шығармаларды өз ішіне қамтыған. Оны әрбір ұрпақ мұқият үйренген және келешек үшін лайықты мұрагер болуға үндейтін үлкен шығармашылық көзі болып келген.

Музыканы халық жаратады. Халықтық композиторлар халықтан алып, қайта өңдеп, классикалық жанрлар үлгілерінде тағы да халыққа ұсынған. Халық музыкасы қарапайым және халықтың өміріндегі оқиғалармен байланысты. Классикалық музыка – адамның ой-санасының жемісі, яғни композиторлық шығармашылықтың өнімі. Заманалық музыка – заман дамуының өлшемімен жүзеге шығатын жаңа-жаңа үлгілер, ағымдар мен тәсілдер.

I тоқсанда классикалық музыка және олардың жанрлық ерекшеліктері туралы түсінік берілген. II тоқсанда заманалық музыка өлшемдеріне, әсіресе өзбек эстрадалық музыкасына көбірек көңіл бөлінген. III тоқсанда араб, түрік, әзербайжан, иран, қытай, ұйғыр, жапон, үнді, қазақ, қырғыз, тәжік секілді Шығыс халықтарының музыкасымен жақын танысасыз. IV тоқсанда әлемдік классикалық музыкаға үлкен үлес қосқан В.Моцарт, Л.Бетховен, Ф.Шопен, М.Глинка секілді Еуропа композиторларының классикалық музыка шығармаларынан нәр аласыз.

Классикалық музыка – халықтардың ұлттық дәстүрімен тығыз байланысты рухани байлық, оны үйрену және дамыту әрбір адамның кемелденуі үшін қажет. Оқулыққа енгізілген тақырыптар кемел ұрпақтың жүрегінде Отанға махаббат сезімін қалыптастыруға, жалпыадамзаттық мәдениетті игеруге, музыкалық мұраны аңдауға қызмет етеді деп ойлаймыз.

Автор

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ӘНҰРАНЫ

Сөзін жазған Абдулла Орипов
Салтанатты

Әнін жазған Мутал (Мутаваккил) Бурхонов

1. Ser- qu- yosh, hur o'l- kam, el-
ga baxt, na- jot, Sen o'- zing do'st-lar- ga yo'l-dosh, meh-ri-
bon! Meh-ri- bon! Yash-na- gay to a- bad il-
mu fan, i- jod, Shuh-ra-ting por- la- sin to-ki bor ja-
hon! Ol- tin bu vo- diy- lar- jon O'z- be- kis-
ton, Aj-dod- lar mar-do- na ru- hi sen- ga yor! U- lug'
xalq qud- ra- ti jo'sh ur- gan za- mon, O- lam- ni mah- li- yo ay- la-

1. gan di-yor! 2. Bag'-ri

2. gan di-yor!

Serquyosh, hur o'lkam, elga baxt, najot,
 Sen o'zing do'stlarga yo'ldosh, mehribon!
 Yashnagay to abad ilm-u fan, ijod,
 Shuhrating porlasin toki bor jahon!

N a q a r o t:

Oltin bu vodiylar – jon O'zbekiston,
 Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
 Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
 Olamni mahliyo aylagan diyor!

Bag'ri keng o'zbekning o'chmas iymoni,
 Erkin, yosh avlodlar senga zo'r qanot!
 Istiqlol mash'ali, tinchlik posboni,
 Haqsevar, ona yurt, mangu bo'l obod!

N a q a r o t:

Oltin bu vodiylar – jon O'zbekiston,
 Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
 Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
 Olamni mahliyo aylagan diyor!

I ТОҚСАН

КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

1-тақырып: КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА

“Классикалық музыка” – шебер музыкант, әнші және композиторлар шығармашылығының ең бағалы еңбегі – мақамдарын, ірі де күрделі күйлері мен әндерін қамтиды. Іс жүзінде ол “классикалық музыка” немесе “кәсіби музыка” деп те аталады. Демек, классикалық музыка – халық шығармашылығының кәсіби бағытқа тән ең сараланған музыка үлгілері. Бұл бағыттағы шығармаларды талантты композиторлар жазған, оны өте тәжірибелі әншілер мен музыканттар шеберлікпен орындаған. Олардың мазмұны күрделі және жетілдірілген. Сондықтан оларды орындау үшін үлкен өнерпаздық тәжірибе, шеберлік, дарын мен музыкалық сауаттылық қажет болады. Ежелден классикалық музыканы жастарға ұстаздары үйретіп келген. Осы ұстаз-шәкірт дәстүрі әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Классикалық музыка ірі түрдегі күй мен ашулалардан құралған. Олардың мазмұны мен түрі сан алуан. Біздің еліміз диалектісі жағынан үлкен 4 өңірге бөлінетіні белгілі. Олар: Бұхара – Самарқанд, Хорезм, Сұрхандария – Қашқадария және Ферғана – Ташкент өңірлері. Диалект тек тілде ғана емес, музыкалық әуендерде де болады.

Қымбатты оқушылар! Классикалық музыкалық мұрамыз – болашақта жаратылатын барлық музыкалық шығармалардың әуен-күйі үшін қазына. Бұл тоқсанда Сендер музыкамыздың классикалық түрлері және өлкелік ерекшеліктері туралы жалпы түсінік аласыңдар.



Классикалық музыка туындыларынан үлгілер тыңда.



*“Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны”
Сөзін жазған А.Орипов, әнін жазған М.Бурхонов музыкасы*

 2/4 өлшемдегі ритмикалық құрылымдарды орында.



- ?! 1. Классикалық музыка туралы айтып бер.
 ?! 2. Қандай музыка үлгілерін классикалық музыка дейді?
 3. Классикалық музыканы кімдер жазады және оны кімдер орындайды?
 4. Өзбекстандағы қандай өңірлерді білесіз және олардың классикалық музыкаға қандай әсері бар?
 5. Классикалық музыканы орындау үшін қандай мамандыққа ие болу керек?

***2-тақырып:* КЛАССИКАЛЫҚ КҮЙЛЕР**

Классикалық музыка құрамының екі түрі бар. Оның біреуі аспаптық болса, екіншісі – әншілік. Аспаптық музыка құрамы ең қарапайым халық күйлерінен бастап, күрделі мақам аспаптары жолымен бірге өте көп дәстүрлі классикалық шығармалар да бар. Классикалық күйлерді өзбек композиторлары әр түрлі кезеңдерде жазған.

Классикалық күйлер ежелден өзбек халық аспаптары – танбур, дутор, ғижжак, най, чанг және сурнай секілді аспаптарда орындалған. Ең көп тараған аспаптардың тағы бірі – дойра (дабыл). Іс жүзінде көптеген классикалық күйлер жеке бір аспапта немесе басқа аспаптың сүйемелдеуімен орындалып келеді. Халқымыз сүйіп тыңдайтын классикалық күйлер өте көп. Оған “Хожиниёз I-II”, “Чўли Ироқ”, “Мирзадавлат”, “Муножот”, “Савти Муножот”, “Уфори Муножот”, “Илғор”, “Роҳат”, “Ражабий”, “Шароф I-II”, “Алиқамбар”, “Қўшчинор”, “Наврўзи Ажам” сияқтыларды мысал ретінде айтсақ болады. Солардың ішінде балаларға арналғандары да бар. Олар: “Дилхирож”, “Жоннон”, “Лазги” күйлері.

ЖОНОН

Орташа



қазіргізаманғы ансамбльдік
музыканттар

Классикалық аспаптық музыкалар адамға рухани азық ретінде жанына ләззат береді.

Халық арасынан классикалық аспаптық ән-күйлерді жазған және орындаған атақты адамдар көп шыққан. Олар: Олим Комилов, Юнус Ражаби, Тохтасин Жалилов, Сайджон Каланов, Ғанижон Ташматов, Фахриддин Содиков, Ахмаджон Одилов,

Абдухошим Исмайлов, Улмас Расулов, Қахрамон Дадаев және тағы басқлар.

● “Чўли Ироқ”, “Кўйитор”, “Роҳат”, “Жонон” кўйлерін тыңда.

Төмендегі кўйді нотаға қарап орында.





БАЛАЛАР

Сөзін жазган Жуманиёз Жабборов

Әнін жазган Хабибулла
Рахимов

Жылдам

Xud-di bog'-lar gul-checha-gi Qir-lar-da-yo
lo-la-lar, O'z-be-kis-ton ke-la-ja-gi-Bo-la-
lar, bo-la-lar, bo-la-lar! Biz quv-noq-miz,
ho'x, er-ka-miz Yo tog'-dan sha-lo-la-lar,
Va-tan-ga por-loq er-ta-miz, Bo-la-lar, bo-la-lar,
bo-la-lar... Bo-la-
lar, bo-la-lar!

Xuddi bog'lar gul-chechagi,
Qirlarda yo lolalar,
O'zbekiston kelajagi –
Bolalar, bolalar, bolalar!

Sevinch bo'lib yog'dik dilga,
Misli shabnam jalalar,
Biz iftixor, quvonch elga,
Bolalar, bolalar, bolalar!

Biz quvnoqmiz, sho‘x, erkamiz Yo tog‘dan shalolalar, Vatanga porloq ertamiz, Bolalar, bolalar, bolalar!	Boshingizdan quyosh sochdi, Mangu zarrin tolalar, Iqbol bizga bag‘rin ochdi, Bolalar, bolalar, bolalar!
--	--

- ?! 1. Классикалық күйлер дегенде қандай туындыларды түсінесің?
 2. Классикалық күйлер қандай аспаптармен орындалады?
 3. Сен қандай классикалық күйлердің атын білесің?
 4. Балаларға арналған қандай классикалық күйлер бар?
 5. “Жонон” күйін есіңе түсіріп, әнін сал.
 6. “Болалар” әнінің авторы кім? Әнді бірге орындаңдар.

3-тақырып: КЛАССИКАЛЫҚ АШУЛА

Ашула – әнге қарағанда дамыған, түрі жағынан үлкен шығарма. Ашуданың сөз мәтіні де негізінен ғазал жанрына көбірек ұқсайды. Мұндай ерекшеліктерге ие шығармаларды әдетте “классикалық ашула” немесе “халық ашуласы” дейді. “Классикалық ашулаларды” да халық арасынан шыққан музыкант, әнші немесе композиторлар жазған. Классикалық ашула өзінің құндылығы, салмақтылығы және мағыналылығымен ерекшеленеді. Олардың түрлері, нысандары өте көп.


Классикалық ашулалар халық арасына кең тараған. Оларға “Ушшоқ”, “Феруз”, “Баёт”, “Сувора”, “Чоргох” сияқтыларды жатқызуға болады. Халыққа ұнаған ашула ел арасына тез тарайды және оның үлгілері де көбейеді. Әсіресе “Ушшоқтың” бірнеше түрі бар. “Самарқант ушшоғи”, “Қуқон ушшоғи”, “Тошкент ушшоғи”, “Содирхон ушшоғи”, тағы басқалар. Бұдан тыс “Тулизорим”, “Дилхирож”, “Эй, Сабо”, “Кўча боғи I-II”, “Абдурахмонбеги”, “Айлагач”, “Фиғон”, “Сенсан севарим”, “Муножот”, “Тановар” сияқты ашулалар халық арасында өте әйгілі болып қалған.

Классикалық ашулалар классикалық әдебиет өкілдері Жәми, Науаи, Фузули, Бабыр, Машраб, Хорезми, Огахи, Нодира,

GULUZORIM

Энін жазган Абдулазиз Абдурасулов

M.M. ♩ = 112



Do'st-la- rim (ay), bir no- za- nin (o)
 ish- qi bu hol et-mish me-ni,
 zul-f(i) sav- - - do- si (ya) a- lif
 qad- dim- ni dol - (do-da) et-mish me-ni.



Классикалық ашула орындаушысы,
 Халық хофизі Мах-
 муджон Тожибоев


Муқими, Фурқат, Чархи секілді ақындардың лирикалық бағыттағы ғазалдары мен өлеңдеріне шығарылған.

Классикалық ашулалар жеке немесе сүйемелдеумен орындалады. Ал әншілер музыкалық ансамбльдің сүйемелдеуімен немесе өздері аспаппен сүйемелдеп те ашула айтады. Классикалық ашулаларды орындағанда көбіне танбур, дутор, ғижжак, дойра аспаптарын пайдаланады.

Классикалық ашуланы орындаушыларды біз “хофиз” дейміз. Хофиз әншілерден Халима Носирова, Саодат Қобулова, Орифхон Хотамов, Очилхон Отахонов, Хасан Ражаби, Улмас Саиджанов, Муножот Юлчиева, Махмуджон Тожибоев, Машраб Эрматовтардың есімін құрметпен атай аламыз.

☉ “Ушиоқ”, “Соқиномаи Савти Калон” және “Гулузорим”
(Қажы Абдулазиз Абдурасулов) ашулаларының бірін тыңда.

Төмендегі күйге дирижерлік етіп, ноталарды анық, тынық және таза дауыспен орында.



- ?! 1. Ашула қандай жанр?
•• 2. Классикалық ашулалардың қайсыларын білесің?
3. Классикалық ашула қандай ақындардың сөздерімен айтылады және олардан кімдерді білесің?
4. Классикалық ашула орындаушылары туралы айт.

4-тақырып: ШАШМАҚАМ – КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА НЕГІЗІ

Шашмақам – өзбек және тәжік халықтарының классикалық мұрасы саналады. Шашмақам Бұхарада XVIII ғасырда толық қалыптасқан. Оның құрамында 205-тен астам ірі күйлер мен ашулалар бар. Шашмақам – алты мақам дегені. Олар “Бузрук”, “Рост”, “Наво”, “Дугох”, “Сегох” және “Ироқ” деп аталады.

Шашмақамды арнаулы білімі бар әншілер мен музыканттар орындайды. Оларды біз “мақамшылар” деп атаймыз. Бұрыннан Шашмақамды орындайтын арнайы ансамбльдер болған. Ондай ансамбльдерге мысал ретінде Ташкенттегі “Көркемөнерпаздар ұжымы дирекциясының” құрамында қызмет ететін Юнус Ражаби атындағы “Мақамшылар” ансамблін, Бұхара, Хорезм, Самарқанд, Әндіжан және Ферғана уәлаяттарындағы мақамшылар ансамбльдерін атауға болады.

ТАСНИФИ БУЗРУК

Бузрук мақамынан



- “Шашмақамның” құрамындағы туындылардың біреуін тыңда. (Мысалы: Бузрук мақамының “Таснифи Бузрук” және тағы басқалар).



Юнус Ражаби атындағы мақамшылар ансамблі. Көркемдік жетекшісі
Абдухошим Исмоилов.




TOSHKENT

Сөзін жазған Усмон Қучқор

Әнін жазған Хуришда Хасанова

Жылдам



- ni - da, Yul - duz sha - har - san.

Ey, qu-yosh shah- rim, O' - zing bosh shah - rim,

Gul - la - gan ma-kon,

Jo - nim Tosh- ken- tim - san. Top - gil

sha- raf - shon, Os - mo - nim Tosh -kent - san.

Bir dam ko'r - ma-sam O - nam dek

qo'm - sar - man.

O' - zing sha -ra -fim Tosh-ken- tim- san.

1 Jondek laziz shaharsan,
Aziz shaharsan.
Osiyo osmonida,
Yulduz shaharsan.

2 Moziydan bir xotirsan,
Yosh bahodirsan.
Hur elda o‘zing mangu,
Gullab yotursan.

Ey quyosh shahrim,
O‘zing bosh shahrim.

Ey quyosh shahrim,
O‘zing bosh shahrim.

N a q a r o t:
Gullagan makon,
Jonim Toshkentimsan.
Topgil sharaf-shon,
Osmonim Toshkentsan.

N a q a r o t:
Gullagan makon,
Jonim Toshkentimsan.
Topgil sharaf-shon,
Osmonim Toshkentsan.



Берілген күйді түрлі ритмикалық формаларды пайдалана отырып орында.



- ?! 1. Шашмақам дегеніміз не?
2. Шашмақамның құрамды бөлігін білесің бе?
3. Шашмақам қай жерде және қашан қалыптасқан?
4. Мақам ансамбльдері жайлы айтып бер.
5. “Таснифи Бузруктен” үзінді айт.

5-тақырып: ФЕРҒАНА – ТАШКЕНТ ӨҢІРІНІҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ. КАТТА АШУЛА

Өзбекстандағы әр өңірдің өзіне тән музыкалық дәстүрлері бар. Ферғана – Ташкент өңірінің классикалық музыкасы осы жерде жасайтын халықтың тұрмыс-салты, кәсібі мен этникалық өмірінен туындаған. Осы жердің классикалық музыкасына мақам бағытындағы шығармалар енеді. Олар: “Баёт I–V”, “Гүлёр-Шахноз I–V”, “Дугох Хусайний I–VII”, “Чоргох I–V”. Сонымен бірге өлкеге тән аспап түрлері, сурнай жолдарын, әсіресе катта ашула жанры ерекшеленеді.

DUGOH HUSAYNIY TARONASI

М.М. ♩ = 92 Халық музыкасы

Kel-sang a-gar kul-bam a-ro bosh us-ti-
na, osh us-ti-na...

Ферғана – Ташкент классикалық музыка үлгілерінің арасында Шашмақамға қарағанда қарапайым халық ашуласы, қатта ашула және ән жанрларының ықпалымен туған көптеген шығармалар бар.

Бұл өлкенің классикалық музыкасында әуенділік, тартымдылық, еркіндік бар. Сондықтан орындаушылық қабілеті мол әншілер мен музыканттар көп шыққан. Маматбаба Саттаров, Журахан Султанов, Мамуржан Узақов, Ғанижан Тошматов, Фахриддин Содиков сияқты ұстаз өнерпаздар – бұл өлкенің тамаша өкілдері.


КАТТА АШУЛА – Ферғана өңірінің жергілікті тәсіліне тән вокал жанрларының бірі. Халық арасында “патнисаки ашула” деп те аталады. Катта ашула, әдетте музыкалық аспаптарсыз екі-үш әншілер тарапынан орындалады. Катта ашуланың күй түзілісі мен орындалуы күрделі болғандықтан білікті шебер әншілер орындайды. Сондықтан оларды халқымыз *катта ашулашылар* деп атайды.

Катта ашуланы орындау үшін әншіде өте үлкен диапазонды, қуатты, әдемі дауыс болуы керек. Орындаушылық сырларын ұстаздардан үйрену талап етіледі. Өйткені катта ашула кең көлемді интонациясымен, тәсілдік еркіндігімен, тек Ферғана өңіріне тәндігімен ерекшеленеді. Орындау кезінде катта ашулашылар кезекпен бірізділікпен орындайды. Күй бөліктерінің соңы бірге орындалады. Катта ашулашылар қолдарына тарелка ұстап алады. Бұл ашуланы айтуға қолайлы болуы үшін қызмет

етеді. Хамрокул Қори, Маматбаба Саттаров, Журахан Султанов, Мамуржан Узақов, Одилжон Юсупов сияқтылар танымал катта ашулашылардың қатарына кіреді.

● “Баёт I”, “Мушкулоти Дугох” және “Насруллои I” шығармаларын және катта ашулаларының бірін тыңда.

 “Ташкент” Сөзін жазған У. Қучқор, әнін жазған Х.Хасанова

 Берілген күйдің атын анықтап, нотаға қарап орында және жалғастыр.



- ?! 1. Ферғана – Ташкент өңірінің қандай классикалық музыкалары бар?
 .. Аттарын ата.
 2. Ферғана – Ташкент өңіріндегі ұстаз өнерпаздардан және үлкен ашула орындаушыларынан кімдерді білесің?
 3. “Дугох Хусайни әуені” шығармасынан үзінді орында.
 4. Үлкен ашула қандай жанр және республикамыздың қайсы өңіріне тән?
 5. Үлкен ашула жанрының ерекшеліктерін айт.

6-тақырып: ХОРЕЗМ ӨҢІРІНІҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ

Хорезм – ең ежелгі мәдениетке ие өңір, ол өзінің мәдениетімен және өнерімен Орта Азия мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосып келеді.

Хорезмнің классикалық музыкасы жанрға бай. Өзінің мақамдары, мақам тәсілімен туған классикалық ән-күй мен ашулалары және өзіне тән жыр орындаушылық өнері бар. Хорезм мақамдары “Рост”, “Бузрук”, “Наво”, “Дугох”, “Сегох”, “Ирок” және “Панжгохтан” (толық емес бөлімдерден) құралған. Жалпы олар “Олти ярим мақом” деп аталады.

Хорезм мақамдарынан басқа бұл жерге тән “Сувора”, “Нақш”, “Фарёд” секілді классикалық ән-күйлер мен ашулалар да бар. Бұлар – нағыз Хорезм классикалық музыкасының үлгісі. Оларды орындауда да өзіндік ерекшелік бар. Ол аспаптар

мен орындаушылардан анық байқалады. XIX ғасырда Хорезм мақамдары “Хорезм танбур сызығы” негізінде нотаға түсірілген.



Хорезм өңірінің әншілері мен музыканттары ансамблі.


Хорезм классикалық музыкасының тағы бір түрі – жыр орындау. Өйткені, бұл өлкеде жырлар да ашула ырғағымен айтылады. Жыр орындаушыларды халық арасында *бахшы* дейді (Балабахшы).

Хорезм өңірінің классикалық музыкасына тән аспаптар: тор, гижжак, қоснай, танбур, дутор, сурнай және дойра.

Мадрахим Шерози, Хожихон Болтаев, Комилжон Отаниязовтар – Хорезм классикалық музыкасының ұстаздары.

● “Сувора” және “Феруз I” шығармаларын тыңда.

ALIQAMBAR





Хорезм жыршылық өнерінің орындаушылық жолдары.

Хорезм өңірінің жыршылық өнері халық арасында кеңінен таралған жанр саналады. Бұл жанр өзіне тән орындаушылық дәстүрлерімен басқа өңірлерден ерекшеленеді. Хорезм жыр орындаушылығының ерекше орындаушылық дәстүрінде ашық дауыспен шырқалады. Әдетте, кара сөзбен жазылған мәтін әңгіме түрінде оқылады. Мұнда бахшы тындаушыларды өзіне тартумен бірге оқиғаны түсіндіріп өтеді, содан соң жырдың өлең түрінде жазылған мәтінін әндетіп шырқайды. Хорезм өңірінде ежелден жырларды дутор аспабының жәрдемімен орындаған. Кейінгі кездерде жыр орындаушылығы өте дамыды. Оның орындаушылық жолдары да көбейді. Нәтижеде орындаушы бахшылар тор аспабының және музыканттар ансамблінің сүйемелдеуімен орындау кеңінен таралды. Хорезм өңірінің жыр орындаушылығында атақты бахшылар көп. Олардың арасында Балабахшы атымен танымал болған өнерпаз – Қурбонназар Абдуллаев та бар.

- ?! 1. Хорезм өңірі мәдениеті туралы не білесің?
 •• 2. Хорезм классикалық музыкасының ерекшеліктері туралы әңгімелеп бер.
 3. Қандай Хорезм мақамдарын білесің?
 4. Хорезмдегі жыршылық өнері туралы айт.
 “Алиқамбар” күйінен үлгі айтып бер.

7-тақырып: СҰРХАНДАРИЯ – ҚАШҚАДАРИЯ ӨҢІРІНІҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ



Сұрхандария мен Қашқадария өңірі өзінің жергілікті әдет-ғұрыптарымен және дәстүрлерімен ерекшеленіп тұрады. Олардың классикалық мұрасы жыршылықпен тығыз байланысты. Жырларды орындау дәстүрлерінде әдеби-прозалық және музыкалық ерекшеліктер жинақталған.

Жыр орындаудың өзіне тән ерекшелігі – дауысты қолдануынан (көмекейден айтылады) және домбырамен сүйемелдеуінен байқалады. Сондықтан бұл өңір көбіне жыр орындаушылығымен аты шыққан. Жыр орындаушыларды халық арасында жыршы, бахшы, ақын деп атаған. Жырлардың ән сияқты айтылатын бөлігін “нама” дейді.

Бұл өлкеде “Алпомиш”, “Сохибқирон”, “Авазхон”, “Искандарнома”, “Туруғли”, “Ошиқ Ғариб және Шохсанам” және тағы басқа жырлар көп тараған. Олар – тарихи, батырлық және махаббат жырлары болып саналады.




TAMOSHOSINI

“Ошиқ Ғариб және Шохсанам” жырынан

M.M. ♩ = 60

Кел, Ға -ри -бим,



gasht e-tay-lik bubog'-da (yo), Bul-bul ko'r-sin
gul-ning ta-mo-sho-si-ni...

☉ “Алпомиш” дастанынан үлгілер тыңда.




Bo-qi qo-qi-ni So-qi-ga sot-di, So-qi qo-qi-ni Bo-qi-ga sot-di




MUNAJJIM BOBOM

Сөзін жазған Пулат Мумин

Әнін жазған Надим Норхужаев

Жылдам



Os-mon-lar-da nur ko'zlarin-giz, Cha-raq-lay-di
yul-duz-la-rin-giz. Os-mon-lar-da nur ko'z-la-rin-giz,
Cha-raq-lay-di yul-duz-la-rin-giz. A-mir Te-mur ru-
hi bo'-lib yor, Yash-na-moq-da bu o-zod di-yor.
Sa-mar-qand-da, Sa-mar-qand-da bor-day-siz mu-dom,

The image shows a musical score for a song. It consists of two staves. The first staff has a treble clef and a common time signature. The melody is written in a simple, folk-like style. The lyrics are written below the notes: "Ey mu-naj-jim, Ey mu-naj- jim, U-lug'- bek bobom,". The second staff continues the melody with the lyrics "U- lug'- bek bo- bom.".

Osmonlarda nur ko‘zlarinigiz,
Charaqlaydi yulduzlarinigiz.
Amir Temur ruhi bo‘lib yor,
Yashnamoqda bu ozod diyor.

Fan ko‘ksida yashaysiz hamon,
Ardoqlagay jahon-u zamon.
O‘chmagaydir hech izlarinigiz,
Biz yerdagi yulduzlarinigiz.

N a q a r o t :

Samarqandda bordaysiz mudom,
Ey munajjim, Ulug‘bek bobom.

N a q a r o t :

Samarqandda bordaysiz mudom,
Ey munajjim, Ulug‘bek bobom.



Сўрхандария – Қашқадария жыр орындаушылық тәсілдері.

Сўрхандария – Қашқадария жыр орындаушылық тәсілдері ерекше. Бұл өңірдің жыр орындаушыларын бағыттарына қарап халық арасында жүзбасы (Шерабад), ақын (Қашқадария) және бахшы деп атайды. Бұл өңірдің орындаушылық тәсілі өзіне тән, негізінен орындаушылар тамағын қырнап, ішкі дауыспен (буылған дауыс деп те атауға болады) жырлайды. Әдетте олар өздерін жеке домбыра аспабымен сүйемелдейді. Халқымыз арасында осы өңір жыр орындаушылығы бойынша “Алпомиш”, “Туруғли”, “Кунтуғмиш” сияқты жырларды орындап, атағы шыққан бахшылар көп. Шоберді бахшы, Абдуназар Поёнов сияқты жыр орындаушылары солардың қатарынан. Сўрхандария – Қашқадария орындаушылық практикасында домбыра аспабымен күйлер орындау да дәстүрге айналған. Оларды әдетте шопан күй, домбыра күй немесе бахшы күй деп атайды.

- ?! 1. Сўрхандария – Қашқадария классикалық музыкасының жанрлары туралы әңгімелеп бер.
 2. Қандай жырларды білесің?
 3. Ақын-бахшылардың аттарын айт.

8-тақырып: КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАНЫҢ МӘДЕНИЕТІМІЗДЕГІ ОРНЫ



Өзбекистон халық әртісі Зәмира Суюнова

Музыка мәдениеті – халықтар арасындағы жақындықты, достықты нығайтатын себепшарт. Руханияты ұлы болған халықтың болашағы да ұлы. Руханияты бай халқымыздың классикалық музыкалық мұрасы баға жетпес екенін өткен сабақтар барысында біліп алдыңдар. Классикалық музыка – халқымыздың ұстаз музыканттары, әншілері мен композиторлары тарапынан жаратылған рухани азық. Олардың кемелдігі, көлемділігі, әлеуеттілігі мен құндылығы – ұлылықтың белгісі.

Сондықтан әрбір кезеңнің шығармагерлері өз халқының өткеніне сүйенсе, классикалық музыканы ардақтаса және дәстүрлерін жалғастырса, болашақ үшін лайықты жұмыс жасаған болады. Кез келген заманалық шығармашылық өткен дәстүрлермен суарылса, ол шығармашылық үлгісі ұлттың мақтанышына айналады.

⦿ *Халық жырларынан үлгілер тыңда.*

КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА – белгілі бір форма негізінде жаратылған музыкалық шығарма. Өзбек халық классикалық музыкасының жанрларына мақамдар, мақам жолымен жаратылған ашулалар мен күйлер кіреді. Классикалық музыканы өткен кезеңде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан композиторлар, музыканттар мен әншілер жаратқан. Классикалық музыка жанрларының әрбірінің өзіндік формасы бар. Классикалық музыкада классикалық әдебиетіміздің

өкілдері Әбдірахман Жәми, Әлішер Науаи, Бабыр, Огахи, Хофиз сияқтылардың ғазалдары пайдаланылған. Классикалық музыкамыз – мақамдар өте үлкен диапазонға ие. Сондықтан оларды орындайтын әншіде кең және тәрбиеленген дауыс болуы керек.

Бұрын мақамдар ауызекі дәстүрде ұстаз-шәкірт түрінде үйреніліп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген. Қазіргі классикалық музыка еліміздің білім беру жүйесінің барлық басқыштарында үйретіледі. Балалар музыка және өнер мектептері, академиялық лицейлер мен кәсіптік-техникалық колледждер, сондай-ақ жоғары оқу орындарында сабақ ретінде өтіледі.

- ?! 1. Классикалық музыка туралы нелерді білесің?
 • 2. Классикалық музыканың өміріміздегі орны мен маңызы қандай?
 3. Заманалық шығармашылыққа классикалық музыка не береді?
 4. Сен классикалық музыканы қалай түсінесің?
 5. Классикалық музыканың мәдениетімізге ықпалы қандай?

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1. Классикалық музыка деген не?

- А) Ірі түрдегі күрделі күй мен ашула Б) 4 бөлікті музыкалық жанр С) Қатарлы шығарма

2. Классикалық музыка тағы қалай аталады?

- А) “Фольклор” музыкасы Б) “Кәсіби” музыка
 С) “Заманалық” музыка

3. Классикалық күйлер қайсы музыкалық аспаптарда ойналады

- А) Скрипка, виолончель, фортепьяно Б) Дойра, барабан, литавра
 С) Танбур, дутор, ғижжак, най

4. Классикалық ашула қандай болады?

- А) 4 қатардан құралған болады Б) Ірі симфониялық шығарма
 С) Үлкен кульминациялы шығарма

5. Классикалық ашула орындаушыларын біз қалай атаймыз?

- А) Бахшы Б) Хофиз С) Ақын

6. Шашмақам қашан және қай жерде толық қалыптасқан?

- А) XVIII ғасырда Бұхарада Б) XVII ғасырда Самарқантта
 С) XVIII ғасырда Ташкентте

7. Шашмақам қандай мағына береді?

- А) Классикалық ән Б) Алты мақам С) Алты күй

8. “Патнисаки ашула” деп қандай ашуланы айтады?

- А) Катта ашула Б) Қайырмалы ашула С) Лирикалық ашула

9. Сұрхандария-Қашқадария дәстүрлі музыкалық аспаптары қайсылар?

- А) Танбур, дутор, сурнай Б) Домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз

10. Катта ашула қайсы өңірдің музыкалық тәсілінде кездеседі?

- А) Сұрхандария-Қашқадария Б) Ферғана-Ташкент
 С) Бұхара-Самарқант

БАСҚАТЫРМА

1	М						
2	У						
3	М						
4	Т						
5	О						
6	З						
7	М						
8	У						
9	С						
10	И						
11	Қ						
12	А						

- Өзбек классикалық музыкасының ең кемел жанры.
- Іс жүзінде кеңінен таралған көңілді және 6/8 өлшемі негізінде тәсілдің аты.
- Өзбек халық күйіне композитор И. Икромов тарапынан сөз жазылған танымал халық ашуласы.
- Классикалық музыка орындаушылығындағы жетекші музыкалық аспап.
- Өзбекстан Республикасының әнұраны мәтінінің авторы.
- Өзбектің классик ақын әйелі.
- Өзбекстан Республикасының музыкалық рәмізі.
- “Қаро кузим...” сөздерімен басталатын классикалық ашула.

9. Хорезмге тән классикалық ашулалардың аты.

10. Шашмақамның алтыншы мақамының аты.

11. Өзбек халық күйі.

12. Өзбек халық жыры.

II ТОҚСАН

ЗАМАНАЛЫҚ МУЗЫКА ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1-тақырып: ӨЗБЕК ЗАМАНАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ



Әйгілі сазгер әрі дирижёр
Мухтар Ашрафи

Өзбектің заманалық музыкасы дегенде қазір орындалып жүрген музыканың түрлерін түсінеміз. Олар жанры жағынан сан алуан жай музыка үлгілерінен бастап, күрделі шығармалардан құралады. Демек, олар – өзбек халық фольклорлық музыкасы, мақамдар, дәстүрлі сазгерлік және заманалық композиторлық шығармашылыққа тиісті туындылар. Заманалық өзбек музыкасының арасында композиторлық өнер, өте кең дамып, халық арасына жайылды. Яғни әлемдік музыка мәдениетінен орын алған опера, балет, симфония, оратория, кантата, музыкалық драма, сюита, поэма сияқты жанрларда шығармалар жазылды. Аз уақыттың ішінде көптеген композиторлар тәрбиеленіп, танылды. Олардың арасынан Мухтар Ашрафи, Толибжон Содиков, Сабыр Бобоев, Сулаймон Юдаков, Мутал Бурханов, Рустам Абдуллаев, Мустафа Бафоев, Сайфи Жалил, Аваз Мансуров, сондай-ақ балет жазған – Алексей Козловский, Икрам Акбаров, Ұлықбек Мусаев, бірнеше симфония мен концерттердің авторлары – Мирсодиқ Тожиев, Толқын Құрбанов, Мирхолил Махмудов, Рашид Хамроев, Георгий Мушел, Нуриддин Ғиясов, ораториядан бастап эстрадалық әндер мен балаларға арналған заманалық талаптарға сай шығармалар жазуда қалам тербетіп жүрген Шермат Ярматов, Надим Нархужаев, Әлішер Расулов, Әлішер Икрамов, Дилором Омонуллаева, Мухаммад Атажановтарды атап өтуге болады.

“Заманалық музыка” ұғымы – тек көп дауысты музыка жанрларына тиісті ғана емес, жаңа ұрпаққа тән жаңаша бағытпен дамып келе жатқан дәстүрлі сазгерлік шығармашылыққа да қатысты екеніне көңіл аударған жөн.

⊙ *А.Мансуровтың “Мозийдан садо” поэма-фантазиясын тыңдап, музыкалық фильмді тамашала.*



О‘ZBEGIMDAN AYLANAY

Сөзін жазған Дилбар Агзамова

Әнін жазған Гулнора Кучқорова

Орташа жылдам

Qu-cho-g'ingda yay-rab o'sar-man, yur-tim. Ta-ri-xing-dir
 bu-yuk, ey o-zod xal-qim. Ja-hon-ga yuz tut-ding, mag'rur-
 san, e-lim. O'z-be-gim-san, o'z-li-gim-san, o'z-be-
 gim! O'-zim ay-la-nay, o'-zim o'r-gi-lay.
 O'z-be-gim-san, o'z-li-gim-san, o'-zim ay-la-nay.
 O'-zim ay-la-nay, o'-zim o'r-gi-lay.
 Yurt-bo-shim u-lug'-la-gan o'z-be-gim-san-ey.

Quchog'ingda yayrab o'sarman, yurtim,
Tarixingdir buyuk, ey ozod xalqim.
Jahonga yuz tutding, mag'rursan, elim,
O'zbegimsan, o'zligimsan, o'zbeгим!

N a q a r o t :

O'zim aylanay, o'zim o'rgilay,
O'zbegimsan, o'zligimsan, o'zim aylanay.
O'zim aylanay, o'zim o'rgilay,
Yurtboshim ulug'lagan o'zbegimsan-ey!

Ajdodlarim ruhi bo'ldi madadkor,
Asrlar oshsa ham ular mangu yor.
To'maris, Uvaysiy, Nodirabegim,
Momolarim ulug'lagan o'zbeгим.

N a q a r o t :

Yurtimda balanddir mening iqbolim,
Madhingni kuylamoq orzu, xayolim.
Senga sodiq, komil ezgu tilagim,
Farzandlaring ulug'lagan o'zbeгим.



Төмендегі күйді 3/4 өлшемде дирижёрлік етіп, ноталарды анық, қалыпты және таза дауыспен орында:

Орташа жылдам



1. Заманалық музыка түрлері туралы әңгімеле.
2. Қандай жанрлар мен шығармалар әлемнің барлық жерінде бірдей қызығушылықпен қабылданады?
3. Заманалық рухта туындылар жазған қайсы композиторларды білесің?
4. Заманалық әндер жазып жүрген қандай балалар композиторларын білесің?
5. Әнді достарыңмен бірге қосылып шырқа.

2-тақырып: ЗАМАНАЛЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ТҮРЛЕРІ



Фестивальдан көрініс.

Әр дәуір немесе заман өзінің даму дәрежесі негізінде рухани әлемге ие болады. Қоғамның қажеттілігіне тән талабы, талғамына сай көзқарасы заманға қарай қалыптасады.

Тәуелсіздігіміздің арқасында қалыптасқан жаңаша ойлау, қатынастар мен көзқарастар өзімізге тән ұлттық тәуелсіздік идеясына негіз қалады. Бұл – болашағы ұлы мемлекеттің рухани кемелденуінің дәлелі.

Бүгіннің негізгі талаптары – әрбір салада тәуелсіз болу, ұлттық құндылықтарымызды қалпына келтіру және әлемдік стандарттар шеңберінде қызмет ету. Мұны біз музыкалық өнеріміздің қарыштап дамығанынан және әмбебап музыка түрлерінің халық арасына кең тарағанынан көруімізге болады. Музыкамызда заман рухымен сусындаған жалпыадамилық музыка түрлері барған сайын дамып келеді. Заманалық музыкамыз түпкі негізін сақтап қалып, жаңа әлемдік жанрлармен байығанын атап өткеніміз жөн.

● *Р.Абдуллаевтың музыкасы мен Н.Нарзуллаевтың сөзіне жазылған “Мустақиллик лолаларимиз” әнін тыңда.*



Сөзін жазған Д.Ағзамова Әнін жазған Г.Қучқорова

Таза интервальдар 1, 4, 5, 8. Сапа интервальдары 2, 3, 6, 7.

- ?! 1. Заманалық музыка түрлерін ата.
2. Сен тыңдаған “Мустақиллик лолаларимиз” әнінің авторлары кім? Олардың тағы қандай шығармаларын білесің?
3. “Ўзбегимдан айланай” әні қайсы ладта жазылған?
4. “Ўзбегимдан айланай” әнін жанды, анық, жаттап айт.

3-4-тақырыптар: ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МУЗЫКА ЖӘНЕ ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕРІ

Фольклорлық музыканы ұлттық әдет-ғұрыптарымыз бен салтымыздың әуендік көрінісі десек болады. Бұл үлгілер халқымыздың күнделікті өмірі, тұрмысы және ұлттық құндылықтарымен тығыз байланысты. Оларды сақтау және болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында арнайы фольклорлық ансамбльдер құрылды (1978 жылы алғаш рет Ташкент уәлаятының Бостандық ауданында “Гулёр” фольклорлық ансамблі құрылған. Қазір барлық уәлаяттарда мұндай ансамбльдер ұйымдастырылып, қызмет етіп жатыр).

Музыка мұрасынан орын алған фольклорлық үлгілер арасында өзбек халқының әдет-ғұрыптарына негізделген салтанат-рәсімдік әндердің ерекше маңызы бар. Әдетте олар өз сипатына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

а) балалар фольклоры: “Бойчечак”, “Оқ теракми, кук терак”, “Чаманда гул”;

ә) еңбекке қатысты әндер: “Майда-майда”, “Ёзи”, “Хуш-хуш”, “Чархим”;

б) той-мерекелерде айтылатын әндер: “Ёр-ёр”, “Келин салом”, “Туйлар муборак”;

в) діни әндер: “Садр”, “Зикр”, “Марсия”;

г) сиқыр әндер: жаңбыр шақыруда орындалатын “Суст хотин” және ай мен күн тұтылғанда айтылатын әндер.

Сонымен қатар әлди, лапар, терме жанрларындағы музыкалық үлгілер де өзбек фольклорлық музыкасының негізгі жанрлары болып саналады.

Өзбектің жыр өнері ірі жанрларға енген, олар – қара сөз, өлең және музыкалық ерекшеліктерді өзіне жинақтаған әдеби-

музыкалық композициялар. Халық шығармашылығында батырлық, қаһармандық, тарихи және лирикалық жырлар бар:



Балалар фольклорлық ансамблі.

1) Батырлық жырларға халық арасынан шығып, баһадүр болғандардың өміріне негізделген “Алпамыс”;

2) Қаһармандық жырына “Юсуф ва Ахмад”, “Алибек ва Болибек”, “Сохибқирон”;

3) Тарихи жырларға “Искандарнома”, “Шайбонийхон”, “Кунботир ва Ойсулук”;

4) Лирикалық-романтикалық жырларға “Ошиқ Ғариб ва Шохсанам”, “Равшан ва Зулхумор”, “Рустам”, “Туруғли”, “Балогардон”, “Бутакуз” сияқты шығармалар мысал бола алады.

Жыр жанрына бірнеше ақындар қалам тербеткен. Фирдаусидің “Шахнамасы”, Низами Ганжавидің “Хафт пайкар” жинағы (7 жырдан құралған), Әлішер Науаидың “Хамсасы”, тағы басқалар солардың қатарынан.

Өзбектің музыка өнерінде жырдың екі орындаушылық тәсілі бар. Хорезм жыр орындаушылығы және Сұрхандария – Қашқадария орындаушылық стилі. Хорезм жыр орындаушылық өнерінде белгілі бөлігі сөзбен өрнектеліп, белгілі бір бөлігі ән көрінісіндегі күймен айтылады. Орындаушы жыршылар тор, сырнай, дутор, дойра, буламон аспаптарын пайдаланады. Қазір “Балабахшы” деген лақап атпен әйгілі болған Құрбанназар Абдуллаевтың шығармашылығы мен орындау стилі кең тараған.

Сұрхан өңірінің жыр орындаушылық өнері ежелгі стильге негізделген, домбыраның сүйемелдеуімен орындалады. Осы өлкенің негізгі музыкалық жанры саналатын жырлардың қазір бірнеше орындау түрі бар. Халқымыздың танымал жыршылары Ергеш Жұманбұлбұлұлы, Полкан ақын, Ислам ақын, Абдулла Нуруллаевтардың шығармашылығы өнімді болған.

● Фольклорлық ансамбльдің орындауында күй тыңда.



O'ZBEKISTON – JANNAT

Сөзін жазған Дилшод Ражаб

Әнін жазған Хуришда Хасанова

Орташа қарқынмен

Sig'-ma-sa ham o'-zi do'st-ga Jo-yi bor u-ning,
Yo'-lov-chi-ga bir pi-yo-la cho-yi bor u-ning.
Do'p-pi-si-ni ko'k-ka o-tib, Shod-lan-sa ar-zir.
Do'p-pi-si-ni ko'k-ka o-tib, Shod-lan-sa ar-zir.
O'z-be-kis-ton de-gan jan-nat jo-yi bor u-ning. O'z-be-

kis- ton - jan- nat. O'z- be- kis- ton - jan- nat.

1.
O'z-be-kis- ton de-gan jan- nat jo- yi bor u- ning. O'z-be-

2.
O'z-be-kis- ton de-gan jan- nat jo- yi bor u- ning.

Sig'masa ham o'zi do'stga
Joyi bor uning.
Yo'lovchiga bir piyola
Choyi bor uning.

O'g'il-qizi yorug' yulduz,
Oyi bor uning.
O'chmas izi, bosadigan
Toyi bor uning.

Naqarot

Do'ppisini ko'kka otib,
Shodlansa arzir.
O'zbekiston degan jannat
Joyi bor uning.
O'zbekiston - jannat, O'zbekiston - jannat.
O'zbekiston degan jannat joyi bor uning.

Naqarot

Нуримова Лазокат Мирсалим кизи
Республикамызда алғашқылардың қатарында фольклорлық-этнографиялық ансамбль ұйымдастырған. Халық ялласы мен лапарларының шебер орындаушысы, ұйымдастырушы басшы және ұстаз. 1923 жылы Бостандық ауданының Ғазалкент қаласында туылған. 200-ден астам ән мен термелерді орындаған.



Фольклор музыкасы. Өзбек фольклор музыкасы өзінің орындаушылық ерекшеліктері негізінде екі топқа бөлінеді: оқиғаға байланысты, яғни белгілі бір уақытта орындалатын әндер; жағдайға орай және еркін орындалатын әндер.

Бірінші топқа: Рәсім – “Ёр-ёр”, “Келин салом” (той), “Йиғи”, “Садр” (діни), “Майда”, “Ёзи” (еңбек), “Хуш-хуш”, “Чирой-чирой” (шаруашылық), “Әлди”, тағы басқалар.

Екінші топқа: еркін жағдайда орындалатын шығармалар. Бұл үлгілер әдетте ән, терме, ялла, лапар және ашула жанрлары негізінде жаратылады. Олар фольклор музыкасының негізгі жанрлары болып табылады.



- ?! 1. Фольклорлық музыка жөнінде не білесің?
 2. Өзбек жыршылық өнері мен орындаушылық әдістері туралы әңгімеле.
 3. “Узбекистон – жаннат” әнінің авторлары кімдер?
 4. “Узбекистон – жаннат” әнін бірге орындаңдар.

5-тақырып: ЭСТРАДА МУЗЫКАСЫ. Б.ЗАКИРОВ ЖӘНЕ “ЯЛЛА” ТОБЫ



Өзбекстан халық
 әртісі Ғұламжан
 Якубов

Эстрада сөзі латын тілінде “төбешік” мағынасын білдіреді. XX ғасырда эстрада сөзі музыкаға кіріп келді және тамаша өнерінің кіші түрі ретінде қолданыла бастады. Эстрада – жеңіл тұрмыстық сипатқа ие әмбебап музыка, оның тарихы батыс халықтарының театр – ойын-сауық түрлерінен басталады. Бұл Батыста кең тараған кафе-театр, мюзик-



Өзбекстан халық әртісі
Нәсиба Абдуллаева

холл мәдениетінің өзара ықпалымен қалыптасты. Жайлап джаз, Еуропа және Шығыс гармониясы мен ритмикасы, рок, поп, рэп сияқты музыкалық бағыттар эстраданы иеледі.

Өзбекстанда да эстрада музыкасы ХХ ғасырдың 50-жылдарында қалыптаса бастады. Оған Батыр Закиров негіз қалады.

Содан соң елімізде эстрадалық музыка тез таралды және дамыды. “Ялла”, “Пахтаой”, “Наво”, “Садо” сияқты эстрадалық топтар құрылды. Әсіресе 80-90-жылдардан бастап әлемдік стандартқа сай әр түрлі рок, рэп топтары құрылды. Осылайша өзбек эстрадасы өте жедел дамыды.

Эстрада музыкасы тәуелсіздік жылдарында сапа тұрғысынан едәуір өсті. Жастар үшін үлкен мүмкіндіктер жаратылғаны үлкен нәтижелерге негіз болды. Насиба Абдуллаева, Кумуш Раззоқова, Равшан Комилов, Озод Назарбеков, Гулсанам Мамазоитова, Севара Назархон сияқты өкілдері қалыптасты. Олардың шығармашылығы “Ұлттық эстрада” деген музыкалық ұғымға сәйкестігімен жастардың арасында кең таралған. Өзбек ұлттық эстрадасында халқымызға сай музыкалық, әдеби, ақылақтық ұлттық дәстүрлердің маңызы ерекше зор.

БАТЫР ЗАКИРОВ. Өзбек эстрадалық музыкасының негізін қалаушы, өзбек ұлттық эстрада өнерінің ірі өкілі, ғажап ақын, суретші, драматург, режиссер және шебер әнші Батыр Закиров Ташкентте ұстаз өнерпаз Карим Закировтың жанұясында туылған. Ол өз мамандығының шебері еді, тұрақты түрде өзбек ұлттық эстрада өнерін дамыту жолында ізденістер жүргізді. Шығармашылық ізденулер үдерісінде орыс пен шетелдің және Шығыстың эстрадалық әндері мен өзбектің ұлттық әндеріндегі жақындықты іздеді, сөйтіп жаңа түрін табуға қол жеткізді. Б.Закиров Ташкент Мемлекеттік консерваториясы мен Таш-



Эстрада әншісі Батыр Закиров



“Ялла” вокалды-инструменталды тобы

кент Театр және сурет өнері институтында білім алған. Оның жүзеге асырған шығармашылық жұмыстары бертін келе өзбек эстрадасының классикалық қалпы болып қалды.

Мысалы, “Араб тангосы”, “Хабиба”, “Қочоқ қыз” тағы басқа әндерімен Өзбекстанды бүкіл әлемге танытты. “Раъно”, “Мафтун булдим” сияқты әндерімен өзбек эстрадасында өшпес із қалдырды.

Б.Закиров жас дарындыларды іздеуде, оларға жол сілтеуде аянбай еңбек етті. Оның бұл еңбегінің нәтижесінде өте көп жас дарындылар пайда болды.

“ЯЛЛА” ТОБЫ. Өзбек эстрадасының мақтанышы – “Ялла” тобы 1971 жылы құрылды. Оның мүшелері Ташкент Театр және сурет өнері институты мен консерваториясының студенттері, Б.Закировтың шәкірттері еді. “Ялла” тобы кезінде ВИА (вокалды-инструменталды ансамбль) ретінде қызмет етіп, Өзбекстандағы алғашқы эстрада-рок топтарының қатарынан орын алды. Оған бірнеше жылдан бері Фаррух Закиров басшылық етіп келеді. Ол “Ялланы” кәсіпқойлық дәрежеге көтерді. Оның орындауындағы “Учқудук”, “Чойхона”, “Махбубам чиройли”, “Яллама ёрим”, “Ғайра-ғайра”, “Қилпиллама” сияқты әндер өзбек эстрадалық музыкасының қорынан орын алды. 1982 жылы “Ялла” ІХ дүниежүзілік музыка фестивалінде 1-орынды иелеп, бүкіл әлемге атағы шықты.

- *Б.Закировтың орындауында “Араб тангосы” және “Раъно” (сөзін жазған С.Ақбаров, әнін жазған И.Ақбаров), “Ялла” вокалды-инструменталды тобының орындауында “Шахрисабз”, “Ташкентім”, “Чойхона” әндерін тыңда.*



Абай (Ибраһим) Құнанбаев

(1845-1904)

Қазақтың ұлы ақыны және композиторы Абай Құнанбаев қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген.

Абай қазақтың ән өнерін жаңа көркемдік бейнелеу құралдарымен байытты.

Оның “Сегіз аяқ”, “Айттым сәлем, қаламқас”, “Көзімнің қарасы”, “Бойы бұлғаң”, “Өзгеге көңілім тоярсын”, т.б. әндері, “Торжорға”, “Май түні” атты күйлері бар.

ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП

Абай

Баяу, көтеріңкі

Қа- раң- ғы түн- де тау қал- ғып Ұй- қы - ға ке-
тер бал-бы-рап. Да -ла-ны жым-жырт, дел- сал ғып,
Түн ба- са- ды сал- бы- рап. Да - ла - ны жым-
жырт, дел- сал ғып, Түн ба- са - ды сал-бы- рап.

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Эстрада жанрларының ерекшеліктері.

Эстрада өнерінің жанрлары мен түрлері өте көп. Негізгі бағыты екеу, яғни эстрада әншілігі және музыкалық аспапта орындаушылық. Бірақ халық арасында кең таралған тәсілдері төмендегідей рок, поп, рэп, джаз сияқты аталады. Әрбір жанрдың өзінің формасы, ерекшелігі мен орындау тәсілі бар. Рок – күрделі, ауыр жол; поп – әмбебап жанр, оның түрлері көп. Халық арасында біз күнделік жағдайда тындайтын эстрадалық ән-күйлердің басым көпшілігі осы жанрға тиісті. Сондай-ақ бұл жанр да бірнеше жолдарға ие. Рэп – жастардың арасында кең таралған, сөзін ритмикалық тәсілдер негізінде айтуға негізделген жанр.

- ?! 1. Эстрада сөзінің мағынасын білесің бе?
 2. Өзбекстанда эстрадалық музыка қашан қалыптасты?
 3. Сен қандай эстрада топтарын білесің?
 4. Өзбек эстрада өнерінің ірі өкілі Батыр Закиров туралы әңгімелеп бер.
 5. “Узбекистон – абадий бахорим” әнін жаттап, орында.
 6. “Ялла” тобы туралы не білесің?

6-тақырып: МУЗЫКА ӨНЕРІ БОЙЫНША БАЙҚАУЛАР МЕН ФЕСТИВАЛЬДАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУІ

Ұлттық музыка өнерін одан әрі дамыту мақсатында Республика бойынша байқау және әлемдік фестивальдар өткізу қазіргі күнде дәстүрге айналды.


Соның ішінде дәстүрлі ән мерекелері – “Ягонасан, муқаддас – Ватаним”, “Бархаёт анъаналар” Республикалық байқаулары әр жылы тұрақты өткізіледі.

“Она юрт оханглари”, Тойшы Ташмұхаммедов, Домла Халим Ибодов, Хажы Абдулазиз Абдурасулов, Жорахан Султанов, Мамуржан Ұзақов, Комилжан Атаниязов, Юнус Ражаби сияқты ұстаз өнерпаздардың шығармашылығына арналған хофиздер байқауы мен шығармашылық кездесулер де солардың қатарынан.

Фольклорлық ансамбльдердің байқауы, жыршы, бахшылардың жарыстары да дәстүрге айналды.

Самарқант қаласында өткізіліп жатқан классикалық музыкаға арналған “Шарқ тароналари” халықаралық фестивалі ұлттық музыкамыздың дамуында ерекше орын алады.

● Фестивальдар мен байқаулардың бағдарламаларынан фильмдер тамашала (мысалы, “Шарқ тароналари” фестивалі, тагы басқалар).

 “Узбекистон – абадий бахорим”.
Сөзін жазған Р.Толиб, әнін жазған Н.Норхужаев



Төмендегі күйге дирижерлік жасап, ноталарды анық, тынық және таза дауыспен орында:



- ?! 1. Заманалық шығармалар жазатын қандай композиторларды білесің?
 ?! 2. Заманалық музыка өнері мен оның дамуы туралы айт.
 3. Өзбек заманалық музыкасы туралы не білесің?
 4. Фольклорлық музыкаға тән негізгі сипаттар қайсылар?
 5. Өзбек эстрада музыкасының негізін қалаушы кім және оның қандай әндерін білесің?
 6. “Ялла” ансамблі туралы әңгімеле.
 7. Қазіргі уақытта жұмыс жүргізіп жатқан қайсы эстрада әншілерін білесің?

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1. Өзбек заманалық музыкасы деген не?

А) Фольклорлық музыка, әлдилер Б) Бахшылардың шығармашылығы С) Қазіргі күнде орындалатын заманалық музыка түрлері

2. Фольклорлық музыка дегенде нені түсінесің?

- А) Композиторлар жаратқан шығармашылық үлгілері Б) Катта, классикалық ашулалар С) Оқиғамен байланысты халық музыкасы

3. Фольклорлық музыкаға қандай жанрдағы үлгілер енеді?

- А) Әлдилер, лапарлар, термелер, әндер Б) Эстрада бағытындағы ән-күйлер С) Катта ашулалар, әндер, әлдилер

4. Эстрада сөзінің мағынасы қандай?

- А) Театр Б) Сахна С) Ән

5. Өзбекстанда заманалық эстрада музыкасының негізін салған кім?

- А) Надим Норхужаев Б) Батыр Закиров С) Шермат Ерматов

6. “Ялла” тобы қашан құрылған?

- А) 1971 жылы Б) 1970 жылы С) 1974 жылы

7. “Ялла” тобы орындаған әндер қайсы жауапта дұрыс көрсетілген?

- А) “Чойхона”, “Мажнунтол” Б) “Раъно”, “Араб тангоси”, “Мафтун булдим” С) “Узбекистон – жаннат”, “Раъно”, “Шахрисабз”

8. Төмендегілердің қайсысы фольклорлық музыканың еңбекпен байланысты әні?

- А) “Чархим” Б) “Ёр-ёр” С) “Оқ теракми, кук терак”


9. Балалар үшін жазылған қандай фольклорлық әндерді білесің?

- А) “Бойчечак”, “Чаманда гул”, “Оқ теракми, кук терак” Б) “Майдамайда”, “Хуш-хуш”, “Чархим” С) “Ёр-ёр”, “Келин салом”

10. Еңбекпен байланысты фольклорлық әндер қайсы қатарда дұрыс көрсетілген?

- А) “Бойчечак”, “Чаманда гул” Б) “Келин салом”, “Туйлар муборак” С) “Майда-майда”, “Хуш-хуш”, “Чархим”

БАСҚАТЫРМА



1. Заманалық музыка шығармагері.
2. Өзбек сазгері.
3. Ірі музыкалық жанр.
4. Қос пернелі өзбек халық аспабы.
5. Музыканың жазу тілі.
6. 1971 жылы жұмыс бастаған өзбек вокалды ансамблі.
7. Халықтар достығын мадақтайтын жиын..
8. Оркестрді басқаратын тұлға.
9. Алғаш құрылған балалар эстрадалық вокалды ансамблі.
10. Ірі сахналық шығарма.
11. “Ялла” тобының әні.

12. Б.Закиров орындаған танымал эстрада әні.
13. “Ялла” тобының әні.
14. Хорезм жыр орындаушылығында кең таралған музыкалық аспап.
15. Халықтық музыкалық шығармашылық қалай аталады?
16. Өзбек музыкалық шығармагері (сазгері) қалай аталады?
17. Жастар арасында кең таралған заманалық музыкалық бағыт.

III ТОҚСАН

ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ

1-тақырып: “ШАРҚ ТАРОНАЛАРИ”

Шығыс халықтарының классикалық музыкасы ежелден бірімен-бірі байланысты дамыған. Соның ішінде, Шығыс классикалық музыкасы, “Мақам” жанрымен үздіксіз байланыста болған. Орта және Таяу Шығыс халықтарының музыкасына тән ладтар, тәсілдер, мұң мен әшекейлерде өте көп ұқсастық бар.



Самарқант қаласында 1997 жылдан бастап, әр 2 жыл сайын өткізіліп жатқан дәстүрлі “Шарқ тароналары” Халықаралық музыкалық фестивалінің негізгі мақсаты – Шығыстың классикалық музыкасы арқылы халықтар арасындағы рухани арқауды қайта қалпына келтіру және оларға заманалық мазмұн беру.

Бұл фестивальді ЮНЕСКО мен музыка бойынша Халықаралық Кеңес бекіткен және онда өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, қазақ, әзербайжан, ауған, иран, түрік, араб, қытай, жапон және тағы басқа да ұлттар өз өнерлері мен классикалық музыкаларын көрсетеді.

● Д.Омонуллаеваның әні мен Усман Азимнің сөзіне жазылған “Шарқ таронаси” фестивалінің әнұранын тыңда.

SHARQ TARONASI

(Фестиваль әнұраны)

Сөзін жазған У.Азим

Әнін жазған Д.Омонуллаева



Dun-yo-ning ko'ng-li-ga sen ber-ding ha-yot. Ru-hing-dan, o- na-sharq,
ya-ral- di ba-yot. Kuy- la-moq shav-qi-da mo- hir o'-zing-san,
Ho-fiz o'-zing-dir-san, sho- ir o'-zing-san. Jo'r bo'l-gin in- son- ga
mu- si- qa – qa-not. Qo'-shiq-dan ko'n-gil-lar bo'l- g'u- si bun-yod.
Qo'-shiq-da o'r-tan- gan ti- lak- san, o Sharq! Jum- la- i ja-hon-ga yu-rak-

san, o Sharq! Sa-lom, Sa-mar-qand -
 Sharq dar-vo-za-si, Ta-ral ja-hon-ga -
 Sharq ta-ro-na-si! Ta-ral ja-hon-
 ga - Sharq ta-ro-na-si!

Dunyoning ko'ngliga sen berding hayot,
 Ruhingdan, ona-Sharq, yaraldi bayot.
 Kuylamoq shavqida mohir o'zingsan,
 Hofiz o'zingdirsan, shoir o'zingsan.


Jo'r bo'lg'in insonga musiqa – qanot,
 Qo'shiqdan ko'ngillar bo'lg'usi
 bunyod.
 Qo'shiqda o'rtangan tilaksan, o Sharq!
 Jumlai jahonga yuraksan, o Sharq!

N a q a r o t :

Salom, Samarqand – Sharq darvozasi,
 Taral jahonga – Sharq taronasi!

N a q a r o t

Salom, Samarqand – Sharq darvozasi,
 Taral jahonga – Sharq taronasi!

 Төмендегі күйді дирижерлік етіп, ноталарды анық, тынық және таза дауыспен орында:

- ?! 1. “Шарқ тароналари” фестивалі туралы әңгімеле.
 •• 2. “Шарқ тароналарының” мәні мен міндеті туралы айт.
 3. “Шарқ тароналари” фестивалінде қайсы ұлттардың музыканттары өз өнерлерін көрсетеді?
 4. Осы тақырыпқа тест сұрақтарын дайында.

2-тақырып: ТҮРІК ЖӘНЕ ӘЗЕРБАЙЖАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ

Түрік музыкасы Орталық Азия халықтарының, әсіресе, өзбек музыкасымен өте ұқсас келеді. Түрік музыкасының негізгі кәсіби жанры “мақам” деп аталады және ол төмендегідей құрамдық бөліктерден құралған – тақсим, кор, баста, тағы басқалар. Түрік мақамдарын орындағанда зурна, боғлама, саз, каманча, танбур, ысқышты танбур (өзбек сатосына ұқсайды), қонун, уд, сумбут, дойра, дафф сияқты ұлттық аспаптар қолданылады. Түріктерде діни рәсім жанрларынан азан, тавжид, мовлови ойын, зікір және басқалар көп қолданылады.

Заманалық түрік эстрадалық музыкасы өзінің ұлттық сиқыры, шығыстық көңілділігімен әлемге танылған.



Зурна



Дафф



Саз



Дарабука

Әзербайжан – түркі халықтарына жатады. Өзінің ұзақ тарихына және ұлттық құндылықтарына ие халық. Әзербайжан халқының әлеуметтік өмірінің негізінде жанрларға бай дәстүрлі мәдени мұрасы жинақталған. Олар негізінен тұрмыс-салт әндерінен құралған.

Тасниф – әзербайжан халқының ырғағымен орындалатын көптеген құрылымдағы әндер, ал мұғамдар – еркін орындауға арналған суырып салма стиліне тән ірі классикалық жанр.

Әзербайжан халқы музыкалық аспаптарға өте бай. Халық арасында тутек, тулуп-зурна, балабон, дудук, кемонча, саз, тор, дафф, габал, ноғора, бала-ноғора немесе думбул сияқты ұлттық музыкалық аспаптар көп тараған.

● Түрік және әзербайжан халық күйлерін тыңда.



“Шарқ таронаси” фестивалінің әнұраны. Сөзін жазған У.Азим. Әнін жазған Д.Омонуллаева



Берілген күйді анық, тынық және таза дауыспен орында.

GIZIL GUL

(Әзербайжан халық әні)



- ?! 1. Түрік халық музыкасы туралы не білесің?
 •• 2. Әзербайжан халық музыкасы мен аспаптары туралы не білесің?

3-тақырып: ТҮРІКМЕН ХАЛҚЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ



Түрікмен ансамблі.

Түрікменстан – Орта Азия халықтарының арасында көне тарихқа ие мемлекеттің бірі. Оның тарихында өзіне тән бай құндылықтары мен ұлттық дәстүрлері қалыптасқан. Түрікменстанның тағы бір үлкен маңыздылығы, бұл аймақтан “Ұлы жібек жолы” өткен және ежелгі білім орны Мерв қаласы да осында болған.


Барлық халықтар сияқты түрікмендерде де халық музыкасы, оның қарапайым және классикалық түрі

бар. Түрікмен халық музыкасында, негізінен, еңбек, рәсім, тұрмыс-салт, эпостық және классикалық үлгілер өз бейнесін тапқан. Халық арасында кең тараған музыкалық үлгілерге “Хувди” (Әлди), “Яғи яғара келді” (балалар әні), “Жар-жар” сияқты көптеген туындылар мысал болады.

Түрікмен классикалық музыкасының негізгі жанрлары: жырлар, көркем әдебиет туындыларына негізделген ашулалар. Түрікмен халық ашуласы мен әндерінің өзіне тән ерекшелігі мынада, олар көбінесе декламация, яғни көркем сөз түрінде орындалады. Түрікмен халқы эпостық жанр орындаушыларын “бахшы” дейді. “Оғызнама” – түрікмендердің ең көне жыры. Бұдан тыс, олардың мұрасында “Көроғлы”, “Ашық Ғариб пен Шахсанам”, “Асл мен Карим” сияқты жырлар бар.

Түрікмен музыкасындағы басты аспаптар: ғижжак, дутор, туйдук, дилли туйдук және қобыз.

☉ “Зоҳре жан” халық күйі.



ГУШЛАР



Әнін жазған Вели Ахмедов
Балалар хорына лайықтаған
Шермат Ярматов

Әнші

Жылдам.

Gish so- vul- di, ba- har gel- di,

1. S.


2.

A.

Sal- kin ba- gi ge- kol- di.

Энши

Ge- lin gush- lar, say- rang gush- lar, ya- shil ba- ga
 Хор
 A.
 yay- rang gush- lar, Ge- lin gush- lar, say- rang gush- lar,
 1.
 ya- shil ba- ga yay- rang gush- lar, yay- rang gush- lar.
 2.
 lar. Ge- lin gush- lar, say- rang gush- lar,
 ya- shil ba- ga yay- rang gush- lar. Ge- lin gush- lar,
 Say- rang gush- lar, ya- shil ba- ga yay- rang gush- lar,



Gish sovuldi, bahar geldi,
Salkin bagi gekoldi.

Gayduk bezep jaynizi,
Gayduk dene paynizi.

Naqarot:

Naqarot:

Gelin gushlar, sayrang gushlar,
Yashil baga yayrang gushlar.

Gelin gushlar, sayrang gushlar,
Yashil baga yayrang gushlar.



Төмендегі күйді дирижерлік етіп, ноталар бойынша орында.

“ЗОХРЕ ЖАН”

Түрікмен халық күйі

$\text{♪} = 192$ жылдам-жанды



- ?! 1. Түрікмен халық музыкасы туралы айт.
! 2. Түрікмен музыкалық аспаптарының қайсысын білесің?

4-тақырып: ИРАН ЖӘНЕ АРАБ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ

Иран музыкасының тарихи тамыры өзбек, тәжік, түрікмен халықтары мәдениетінің көне тарихымен тығыз байланысты.

Өзбек және тәжік музыкасының атасы – Барбод Марви (VII ғасыр) иран музыкасының негізін салған деп саналады. Ұлы ба-

баларымыз – Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, Рудаки, Фирдауси және басқа ойшылдардың музыка саласында қалдырған мұрасы Иранда да ұлттық-рухани мұра ретінде бағаланады.

Өзбек-тәжік мақамдарына ұқсас Иранның кәсіби музыкасының басты жанры “дастгох” деп аталады.

Иранда 7 дастгох жинағы бар. Шур, Мохур, Хумоюн, Сегох, Чоргох, Наво, Рост-Панжгох.

Әрбір дастгох Муқаддима, Даромад, Қарашма, Гуша, Овоз, Чахор Музроб, Баёти Түрік, Әбу Ато сияқты құрамдық бөліктерге бөлінеді.

Иранда саз, танбур, най, сурнай, уд, дойра, чанг сияқты ұлттық аспаптарды кеңінен қолданады.

Төмендегі еркін әдіске негізделген күйге дирижёрлік етіп, ноталарды анық, ашық, таза дауыспен орында:



Литавра



Дудук, зурна



Тор



Ирандық музыкалық аспаптар орындаушылары ансамблі.



Араб әншісі
Умму Кулсум

Араб халықтарының классикалық музыкасы. Араб халықтарының көне және бай музыкалық дәстүрі бар. Бұл аймақта керемет және өзіне тән сиқырымен ерекшеленетін самони, тақасим, башраф муваншоҳ, маввал, дар, куба, маъриф сияқты эн айту жанрлары, сондай-ақ тахлима, самони, тақасим, башраф сияқты аспаптық күйлер кең тараған. Ертеде Орталық Азияда жасалған уд барлық араб халықтарының ұлттық аспабы болып саналады. Сондай-ақ, үрмелі аспап түрлерінен – най, сурнай, арғұл; ішекті аспаптардан – қонун, сантур, рубаб, танбур; соқпалы-үрмалы аспаптардан

– ноғора, дафф, табла арабтарда көп қолданылады. Діни рәсім жанрлары – тавжид, мадх, зікір, рамазан әндері араб музыкасында ертеден қалыптасқан.

Араб музыкасының атақты өкілдері Умму Кулсум мен Саид Дарвештің аттары әлемге әйгілі.

● *Иран халық музыкасынан үлгі тыңда.*



“Гушлар”. Түрікмен халық күйі.



“Диғажон” халық күйіне дирижерлік етіп, нота бойынша орында.

DIG‘AJON

Жылдам

Халық күйі



- ?! 1. Иран музыкасының атасы Барбод Марви туралы не білесің?
 2. Дастгох жинақтары және Иран ұлттық аспаптары туралы айт.
 3. Араб халық музыкасы және ұлттық аспаптары туралы әңгімеле.

5-тақырып: ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ

Қытай – ежелгі мәдени дәстүрлерге бай ел. Қытай музыкасы, әсіресе, халық әндері ерте заманнан-ақ пентатоникалық дыбыс қатарларына негізделген. Тан әулеті дәуірінде қытай музыкасының негізгі әуендері мен дыбыс қатарлары Люй-люй құрылымы негізінде қалыптасты. XII-XIV ғасырларда дәстүрлі қытай операсы дамыды. XIX ғасырда бұл жанрдың 300-ден астам түрлері пайда болды. Ән, речитативтік би және аспаптық музыкаға негізделген қытай операсының классикалық үлгісі ретінде Пекин музыкалық театры Цитзуи кеңінен құлаш жайып, дамыған.



Сона



Хулсин



Като

Заманалық қытай музыкасы атақты композиторлар Си Син-Хай, Ни Эр, Чжан Шу, Хуан Сен, Хе Лу-тин және басқалардың шығармашылығы нәтижесінде дамып келеді.

Ұйғыр халқының көп ғасырлық тарихы бар. Өзінің бай мәдени мұрасымен Орталық Азия халықтарының арасында ерекше орын алады. Ұйғыр халық музыка өнері екі бағытта, яғни фольклорлық және ауызша дәстүрдегі кәсіби музыка бағытында қалыптасқан.

Ұйғыр кәсіби музыкасы үш аумаққа бөлінеді. Олар: Қашқар, Кумул (орталығы – Турфан) және Іле аңғары (орталығы – Құлжа). Кәсіби музыкада Іле өлкесінің музыка өнері жетекші болып саналады. Ұйғыр музыкасының кәсіби жүйесіне енетін

жанрлар, мақам және мұқам жүйесіне енген жинақты жанрлар – жыр, нохшо және санам. Ұйғырлардың жетекші ұлттық музыкалық аспабы: танбур, дотор, сафоил, Қашқар рубабы, ғижжак, ноғора және сурнай. Әдетте музыка орындаушылар халық арасында муқамшы, жыршы, нахшашы, санамшы, машропшы, усулчи, айтушы және музыкант деп аталады. Ұйғыр музыкасы өзіне тән баурап алатын күшке ие.

● Қытай және ұйғыр халықтарының музыкасынан үлгілер тыңда.



СПОРТ

Сөзін жазған Кәусар Турдиева

Әнін жазған Хуришда Хасанова

Ойнақы

f Sport bi-lan bir-ga tash-lay-miz o-dim
bo'-lamiz g'o-lib ham-ma-dan ol-din ol-tin-u ku-mush
o-la-miz ni-shon a-ziz yur-ti-miz biz-lar-ga i-shon
Biz-ning do's-ti-miz sport, sport, sport yu-tuq-
la-ri-miz re-kord, re-kord. Biz-ning do's-ti-miz
sport, sport, sport yu-tuq-la-ri-miz re-kord, re-kord



Bir ik - ki uch biz - lar - da bor kuch
to'rt besh ol - ti zo'r bo'l - di.

Төмендегі күйге дирижёрлік етіп, ноталарды анық, тынық және таза дауыспен орында.

Әзіл, ойнақы \vee *p*



- ?! 1. Қытай халық классикалық музыкасы және қытай операсы туралы не білесің?
2. Ұйғыр халық музыкасы мен муқамдары туралы айт.
3. “Спорт” әнінің авторлары кімдер? Әнді сыныптастарыңмен бірге орында.

6-тақырып: ЖАПОН ЖӘНЕ ҮНДІ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ



Жапон театрының актрисасы

Жапония ежелден Қытай және Корея халықтарымен жақын мәдени байланыстар орнатқан, кейінірек, Орта ғасырларда олар өздерінің аралдарының шекарасында шектеліп қалды. XIX ғасырда Жапония мәдениетінде Еуропаның ықпалы күшейді. 1879 жылы Музыка өнері институты, ал 1886 жылы Токио музыка мектебі ұйымдастырылады да, осы білім ордасында жапондар батыс мемлекеттерінің музыкасымен таныса бастайды. Жапонияда музыкалық аспаптардың түрлері дамыған

және ұлттық аспаптардан – сямисен мен като көп қолданылады. Жапонияда храмдар мен сарай рәсімдерінде қалыптасқан бугаку музыкалық ансамблінің сүйемелдеуімен әндер мен билер орындалады. Жапон кәсіби музыкасының басқа жанры гикаку – самурайлар ортасында қалыптасып, ән, би және аспаптық музыка түрлерінен құралған. Сонымен қатар бұл елде ноо және кабуки музыкалық театр жанрлары қалыптасқан.

Заманалық жапон композиторлары ұлттық дәстүрлер мен еуропалық музыка түрлерін жапон музыкасы негізінде дамытып, шығармашылықпен айналысып келеді. Жапон дирижёрлері Касаки Ямада мен Хиде-Мару Каноаның, скрипкашылар Мосуко Ксиода мен Якко Сотоның, композиторлар Ясуки Акудогава, Массао Оки, Асуди Киосидің және тағы басқалардың шығармашылығы әлемге танылған.



Үнді музыканты.

Үнді музыкасы. Үндістан мемлекеті әлемде ұлы музыкалық өнер дәстүрлерінің отаны деп танылғаны белгілі. Орта Азия мен Үндістан өнерінің, сондай-ақ үнділердің “сантур” музыкалық аспабы өзбектің “чангисіне”, “бансурінің” “найға” ұқсастығын, тағы басқаларды мысалға айтуға болады.

Үнді халық музыкасы жанрға бай және сан алуан. Бұл ретте әр түрлі фольклорлық жанрлармен бірге әлемге әйгілі классикалық жанр “Рагаларды” да атап өткен жөн. Үнді рагалары өзбек-тәжіктің “Шашмақамы” сияқты күрделі және философиялық маңыздағы жанр саналатыны белгілі.

Үнді музыкалық аспаптары да сан алуан. Үнді классикалық музыкасын әлемге танытуда шебер орындаушылар Аян Акбар Хан, Харипрост және Ю.В.Нараяпосвалидің үлестері үлкен.



Сетор



Табла



Бансури

● Жапон және үнді музыкасынан үлгілер тыңда.



DADIL BO‘LIB – AHIL BO‘LIB

Сөзін жазған Пулат Мумин

Әнін жазған Надим Норхужаев

Ойнақы

Yax- shi o‘y- lab, sho- shil- mas- dan,
 Ha- yol o- tin sho- shir- mas- dan,
 Yax- shi o‘y- lab, sho- shil- mas- dan,
 Ha- yol o- tin sho- shir- mas- dan,
 Ki- rish- gan-miz o‘-qish, ish-ga, Hu-nar, ta’-lim o‘r-ga- nish- ga.
 o‘r-ga- nish- ga. O‘r-ga- na- miz a- hil bo‘-
 lib, Ul- g‘aya- miz da- dil bo‘- lib. A- hil bo‘-ib, §
 da- dil bo‘-lib, o‘r-ga- na- miz, ul- g‘a-ya-miz

Bilim bog‘i – maktablarda,
Guruhlarda, keng saflarda,
Qadam qo‘ysak gursillar yer,
Do‘stlar ko‘rib “ofarin” der.

Naqarot:
O‘rganamiz ahil bo‘lib,
Ulg‘ayamiz dadil bo‘lib.
Ahil bo‘lib, dadil bo‘lib.
O‘rganamiz ulg‘ayamiz

Төмендегі күйге дирижёрлік етіп, нотаға қарап орында.

Асықпай

- ?! 1. Ертеде Жапония қайсы халықтармен мәдени байланыс орнатқан?
 •• 2. Атақты жапон сазгерлері мен дирижёрларынан кімдерді білесің?
 3. Рагалардың мақам жанрына сай ерекшеліктері туралы айт.
 4. Үнді музыкасының шебер орындаушылары кімдер?

7-8-тақырыптар: ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКАСЫ

Қазақ халқының музыка мәдениетіне қырғыз халқының мәдениеті көп сипаттан ұқсас, жақын. Қазақтар ежелден көшпелі өмір сүріп, негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Музыка өнері, негізінен, ауызша дәстүр ретінде дамыды. Олар – халықтың әншілік, жыршылық, күйшілік, музыкалық кәсіби жанрына сай ақындық (кәсіби) дәрежедегі музыкалық туындылар.

Қазақтар қошықты – “ән” және “жыр” дейді. Оларды орындаушыларды “әнші”, “жыршы” деп атайды. Жыр – қазақтың музыка өнерінен терең орын алған басты жанр. Осы орайда әйгілі “Қыз Жібек”, “Айман – Шолпан”, т.б. жырларды атап өткен жөн. Жырлар көбіне домбыраның сүйемелдеуімен айтылған. Бұл жанрларды “жыр”, ал орындаушыларды “жыршы” деп атаған. Сонымен бірге қазақтарда “айтыс” өнері кең тараған.



Музыкалық аспаптары әлеуметтік өмірден алынған. Бұған домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз, жетіген сияқтыларды мысал етуге болады.

Қазақтың халық музыкасы XIX және XX ғасырда Еуропа музыкасының ықпалымен тез дамыды.

Қырғыз халық музыкасы. Қырғыздар түркі халықтары тобына кіреді, этникалық жағынан қазақтарға өте жақын. Қырғыз музыкасындағы ән жанры “ыр” деп аталады. Бұл пішін әр түрлі жағдайлар мен рәсімдерге байланысты ән айтуларда көп қолданылады.

Оған еңбек, түрлі рәсім, тұрмыстық және лирикалық көңіл күйдегі және нақылдық-тәрбиелік сипаттағы әндерді де айтып өткен жөн. Қырғыздың халық музыкасында жыр ертедегі жанр екені де ақиқат. Мазмұны жағынан көбіне аңыздағы қаһармандық тақырыптарға арқа сүйейді. Аңыздық халық қаһарманы “Манас” туралы жыр циклі өте атақты.

Жыр орындаушыларды “ақын” дейді, көбінесе “манасшы” деп атайды. Музыкалық аспаптары онша көп емес. Мұнда шертпелі аспап – “қилқ”, үрмелі аспаптар – “чуур” мен “темір қомыз” (ворган) сияқты аспаптар көп қолданылады. Олардың композиторлық шығармашылығы да, ұлттық музыка бағыты да өзіндік дамуын жалғастыруда.



Шаңқобыз



Домбыра

Қобыз



☉ Қазақ және қырғыз халықтарының музыкасынан үлгілер тыңда.

Төмендегі күйге дирижёрлік жасап, нотаға қарап айт.



- ?! 1. Қазақ халық рухани мәдениетінің көп жақтарына қайсы халық жақын?
 2. Халық музыкасы қазақ халқының дәстүрлерімен суарылған жағдайда қандай жанрлар көрінісінде қалыптасқан?
 3. “Жыр” жанры мен музыкалық аспаптар туралы айтып бер.
 4. Қырғыз халқы музыкасына тән ерекшеліктерді баянда.

ҚАЗАҚЫ ДАСТАРҚАНЫМ

Сөзін жазған Ж.Боранбаев

Әнін жазған М.Илясов

Шалқыта, асықпай



1. Бү-гін-гі ел і-шін-де Дәс-түр-ді
 Та-ту-лық бел-гі-сі ме, Жа-ға-лай

Қайырмасы:



жал-ғас-тыр-ған, Ей, ме-нің ас-қар та-уым!
 мал-дас құр-ған.



Қа-за-қы дас-тар-қа-ным, Ө-зің-сің

1.2.



бақ-бе-ре-кем, Ақ қай-нар бас-тау-ла-рым.

3.



Ақ қай-нар бас-тау-ла-рым.

2. Анаға ақ пейілді,
Иілсе келін, балаң.
Ықылас, ізет еткен,
Сыйластық елін табам.

9-тақырып: ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КӘСІБИ МУЗЫКАСЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ



Әлем халықтары ежелден бірімен-бірі саяси, әлеуметтік, сауда-саттық және мәдени байланыс жасап келген. Әр халықтың көркем, жетілген, мақтан тұтатын дәстүрі, әдет-ғұрпы басқа халықтардың дәстүріне ықпалын тигізген. Оны қазіргі заманда жастар арасында кең тараған Батыс эстрадалық стиліндегі жанрлармен салыстырсақ болады. Демек, ежелден халықтардың түрлі өмірлік жүйелерінде басқа халық дәстүрлеріне ұқсайтын үдеріс болады екен. Біз осыны кәсіби музыка өнері жүйесінде көз алдымызға келтіруге әрекет жасап көрейік

Әдетте, музыкалық туындылардың “аты”, “түрі”, “дыбыс қатары”, “мәтіні” болады. Ғасырлар барысында халықтардың өзара қарым-қатынасында атаулар, шығармалардың құрылу түрлері, сөз құрылысы, музыкалық аспаптарында ұқсастықтар көп болған. Әуендердің аталуында, жалпы бұл құрылым мақомат (әуенділік) деп аталады. Бірақ Әзербайжанда муғом, өзбек-тәжік халықтарында мақом (мақам) деп аталады. Кейбір халықтарда басқаша (үнділерде – рага, мағриб, арабтарда – нуба) деп аталатыны бұл музыка түрі кәсіби музыканың ең ірі формасы. Шығыс халықтарының музыкалық аспаптарында да көп ұқсастық бар. Мәселен рубаб сөзі ертедегі шығыс халықтарында “ребаба”, “рабаб” деген атпен тараған. Танбур сөзі де үнділерде – тампура, арабтарда – тампура, ұйғырларда –

томбур деп айтылып келген. Ұрмалы аспаптар көбінесе Шығыс халықтарында даф, дафф, дапп, деф деген атауларда кездесе, үрлемелі аспаптар най, нией, ней, ной, ал сурнай болса – зурна, сурна, поми деп қолданылады. Бұл құбылыс тек олардың аталуында ғана емес, аспаптарында да айқын байқалады. Бұл Шығыс халықтарының тұрмыс-салты, кәсібінің ұқсастығынан шыққанын ерекше айтып өткен дұрыс. Сондықтан Шығыс халықтарының дәстүрлерінің көп сипаттарында ұқсастық бар екенін білеміз.

ҚҰРМАНҒАЗЫ

(1823–1896)



XIX ғасырдың аса көрнекті композиторы, күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлы – теңдесі жоқ ұлы күйші.


Оның “Серпер”, “Сарыарқа”, “Адай”, “Балбырауын”, “Ақбай”, “Көбік шашқан”, “Кісен ашқан”, “Қайран шешем”, т.б.

көптеген күйлері – асыл туындылар.

САРЫАРҚА

Құрманғазы

Жігерлі, жылдам, көңілді



● Шығыс халықтарының музыкалық мұрасынан үлгілер тыңда

- ?! 1. Классикалық музыкадағы ұқсастық сипаттарды ата.
- 2. Мақамдар жүйесінде жалпы атау қалай аталады?
3. Шығыс халықтарындағы ұқсас аспаптардың атауларын айт.



ЖАПОН ТЕАТРЫ

Жапон халық театрының ерекше тарихы бар. “Ноо”, “Бугаку”, “Кабуки” деп аталатын дәстүрлі жапон театрының түрлері пайда болып, жұмыс жүргізген және дамыған. Халық театрының ең ежелгі түрі “Ноо” деп аталып, IV ғасырда негізгі дәстүрлі жапон театрының бастапқы көрінісі болған. Оның шығармашылық қызметінде өзіндік ерекшеліктер бар. Ең маңыздысы, оны қарапайымдылыққа негізделген театр немесе көрсетілім деуге болады. Театр сахнасы кез келген декорациядан бас тартқан. Оған зерлі фонға сахна ағашының бейнесі түсірілген үлкен жібек мата тартылған. Сонымен бірге бірнеше себетшелерге жасыл гүлдер қойылған. Бұл тәсіл бір жарым ғасыр бойы өзгермей қолданылған.



Көрінісі жай, салтанатты қарқынмен өтеді. Тек актёрлер тарапынан керекті қарқын мен әрекет қажет болғанда дабылдардың дыбысы пайдаланылады. Театрдың барлық спектаклдері пантомима түрінде қойылады. Яғни актерлер дауыссыз ойнайды. Сюжет негізінен ежелгі ертегілер мен аңыздарға, сондай-ақ Будда өмірінің тарихына негізделеді. Кейбір жағдайда көрініске ертегі айтушы қатысады. Оның тамақтағы және сөйлесуге жақын орындауы актерлердің қозғалысына сәйкес. Олар рөлдерді жарқын киім киіп ойнайды, жағдай талап етсе – қорқынышты маска киеді. “Ноо” театрында тек еркектер ойнайды. Әйелдердің рөлін әдетте балаларға тапсырады.

XII ғасырға келіп жапон театрының “бугаку” түрі пайда болады. Мұнда негізінен Будда дінінің рәсімдері бейнеленеді, оның негізгі бөлігі бишілердің маскалардағы әрекеттері арқылы бейнеленеді. Оған актерлермен бірге най, литавра, мыс тәрелкілі музыканттар да қатысқан (яғни “бугаку” ансамблі). Музыкалық аспаптар “сиқырлылық” ерекшелігіне қарай таңдалған.

“Кабуки” театры Жапонияда XVII ғасырдың соңына қарай қалыптасқан. Оның алдыңғы театрлардан айырмашылығы қала мәдениетіне бейімделгендігінде. “Кабуки” сөзінің өзі аума мағынасын береді. Мұндай атауды алуының себебі бұл театр бұрынғыларынан ерекшеленген. Бірақ сахна декорациясында айырмашылық байқалмайды. Ғимараттың қабырғалары фон міндетін атқарады. “Кабуки” театрында да рөлдерді тек еркектер ойнаған. Көріністер билер мен оларды алмастырып тұратын драмалық сахналардан құралған. Сондықтан “Кабуки” театрының актерлері тек әрекеттер ғана емес, олардың дауыс мүмкіндіктері де ерекше маңызға ие болған.

Жапон халық театрлары өзінің қарапайымдығы және ұлттық ерекшеліктерге адалдығымен белгілі.

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1. Самарқантта әр екі жылда өтетін фестиваль қашан басталған, қалай аталады?

А) 2000 жылы, “Байсын бахори” Б) 1997 жылы, “Шарқ тароналари”
С) 2000 жылы, “Бархаёт анъаналар”

2. Боғлама – қайсы халықтың ұлттық аспабы?

А) Түрік Б) Қазақ С) Үнді

3. Түрікмендерде “Алла” сөзі қалай аталады?

А) Алла Б) Жижи С) Хувди

4. Иран кәсіби музыкасының негізгі жанрын тап.

А) Дастгох Б) Рага В) Мақам

5. “Шарқ тароналари” қандай фестиваль?

А) Халықаралық кино фестивалі Б) Халықаралық музыка фестивалі
В) Балалар фестивалі

6. Қырғыз халық музыкасында ән жанры қалай аталады?

А) Манас Б) Ыр С) Жыр

7. Шығыс халықтарына тиісті музыкалық аспаптарды белгіле.

- А) Фортепьяно, скрипка, труба, арфа Б) Балалайка, домбыра,
гармон, флейта С) Танбур, уд, сетор, ребаб

8. Като аспабы қайсы халыққа тиісті?

- А) Араб Б) Жапон С) Үнді


9. Рага жанры қайсы халықтың музыкасында кездеседі?

- А) Түріктерде Б) Жапондарда С) Үнділерде

10. Арабтардың танымал әншілерінің аты?

- А) Умму Кулсум Б) Айшвари С) Лата Мангешкар

БАСҚАТЫРМА



1. Иран (дастгох) және Әзербайжан (муғом) классикалық музыкасы.
2. Қазақ халқының арасында екі орындаушы тарапынан орындалатын ең кең таралған жанр.
3. Үнділер мақамдарын қалай атайды?
4. Танымал қырғыз халық жыры.
5. Ежелгі Қытай әулеті.
6. Үнді және ирандықтардың чанг сияқты музыкалық аспабы.
7. Түрікмен жырларының бірі.

8. Түрік және әзербайжан халық музыкалық аспабы.
9. Шығыс халықтарының сурнай сияқты үрлемелі аспабы.
10. Жапон музыка театры.
11. Түрікмен халық әні.
12. Иран классикалық музыкасының жетекші жанры.
13. Өзбек және тәжік классикалық музыкасының бабасы.
14. “Қошық” қырғыздарда қалай аталады?

IV ТОҚСАН

ЕУРОПАНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

1-тақырып: ЕУРОПАНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ

Еуропа классикалық музыкасының – опера, кантата, оратория, балет, симфония, увертюра, соната сияқты көп дауысты жанрларға тән алғашқы үлгілері Орта ғасырларда пайда болған. Бұл жанрларда шығарма жазудың ережелері де сол кезде қалыптасып, бүгінде даму шыңына көтерілген.

Опера – XVI ғасырдың соңында Италияда пайда болған. Оның тарихи-қаһармандық, тарихи-романтикалық, эпостық, аңыздық, лирикалық, драмалық, әзіл-оспақ тақырыптарына жазылған түрлері бар. Классикалық үлгі түрлерін Дж.Верди, Х.Глюк, В.Моцарт сияқты Еуропа композиторлары жазған.

Ал кантата және оратория жанрлары операмен бірге пайда болған. Олар жеке дауыс, хор және оркестр үшін жазылған көп бөлімді ірі шығармалар болып саналады.

Балет – французшадан алынған сөз, ол “ойнаймын”, “билеймін” деген мағынаны береді. Француз композиторы Ж.Б.Люлли бұл жанрға алғаш үлгі жазған, ол түрлі би күйлерін, өлшемдерін пайдаланған. Балет жанры орыс музыкасының дамуында жоғары деңгейге көтерілгенін көпшілік біледі.

Симфония – XVIII ғасырда пайда болған. Ол ірі де күрделі музыка жанры ретінде бүкіл әлемге тез тарады. Әлем мойындаған Бетховен, Моцарт, Шуберт, Чайковский, Бородин секілді композиторлар симфонияның классикалық үлгілерін жазды.

Еуропаның классикалық музыкасында “соната”, “баллада”, “прелюдия”, “квартет” сияқты ондаған музыка жанрлары пайда болды. В.Моцарт, И.Гайдн, Л.Бетховен сияқты композиторлардың шығармашылығында бұл жанрлардың үлкен үлгілері пайда болды.

Еуропаның классикалық музыкасында орган сазды әуенінің орны ерекше. Ауаның көмегімен шалынатын бұл клавишті ірі аспаптың сазына И.С.Бах, Гендель секілді композиторлар шығарма жазған. Бұл жанрдағы шығармалар адамзатқа ерекше күш пен ләззат береді. Бұл жанрлар өзбектің музыкасына XX ғасырдан кіріп келе бастады.

ЭЛИЗАҒА

Людвиг ван Бетховен

Жылдам

The musical score is written for piano in 3/4 time. It consists of three systems of music. The first system begins with a piano (*pp*) dynamic. The second system continues the piece. The third system includes a first ending (1.) and a second ending (2.) with a mezzo-forte (*mf*) dynamic. The piece concludes with a fermata over the final chord.



Кантата – жеке эншілер, хор және оркестр үшін жазылған ірі вокалды-симфониялық жанр. Онда оқиғалар хор, ария, ансамбль және аспаптық музыкаларда бейнелеп беріледі.

Оратория – дәл кантата сияқты, жеке эншілер, хор мен симфониялық оркестр үшін жазылған көп бөлікті музыкалық шығарма. Негізінен сахна емес, концерт жағдайындағы орындауға арналған.

Кантата ораториядан негізінен көлемімен, яғни кішілігімен, мазмұн тұрғысынан бір түрлілігімен және драмалық дамусыздығымен ерекшеленеді.

Ал балет – ірі музыкалық сахналық шығарма, ол бірқатар музыка жанрларын қамтып алған синкреттік жанр. Балетте негізінен көркем шығармалар музыка арқылы би (хореография) образда-

рымен үйлесімділікте бейнеленеді. Яғни драмалық тақырып би, мимика, киімдер, әрекеттер және музыка арқылы ашылып көрсетіледі.

- ?! 1. Көп дауысты музыкалық жанрларды сана.
- ! 2. XVI ғасырдың соңында Италияда пайда болған опералар қандай тақырыптарға арналған? Опера жазған қайсы Еуропа композиторларын білесің?
3. Кантата, оратория және балет жанрлары туралы айт.
4. Симфония қашан пайда болған және симфония жазған қайсы композиторды білесің?



Нұрғиса Тілендиев

(1925 – 1998)


Нұрғиса Тілендиев – дарынды композитор, дирижёр және домбырашы. Ол фольклорлық-этнографиялық “Отырар сазы” оркестрін құрып, өзі көркемдік жетекшісі әрі бас дирижёрі болды.

Н. Тілендиев – халыққа кеңінен танымал “Алатау”, “Құстар қайтып барады”, “Әже туралы ән”, “Өз елім”, “Саржайлау”, “Кел, еркем, Алатауыма”, Абайдың сөзіне жазылған “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” ән-романстарының, “Ата толғауы”, “Көш керуен” сияқты көптеген күйлердің авторы. Оның оркестрге арналған “Махамбет”, “Арнау”, “Жеңіс салтанаты” сияқты көлемді поэмалары бар.

ҚАРАКЕР ЖОРҒА

(Қара өлең)

Тебірене



Қо-лым-да бір қам-шым бар кү-міс-те- ген, Кү- мі-
Та-ры- дай тал-бо- йың- да бір мі-нің жоқ, бо- ла-

сін бұл шір-кін-нің кім іс-те-ген-ай
 ма Сіз-бен ар-тық бі-ліс де-ген-ай.
 Па, шір-кін, қа-ра-кер жор-ға, Ти-се қол-ға, ке-тер
 ем са-пар ше-гіп а-лыс жол-ға - ай

2. Көйлектің бүрме салдым әдібіне,
 Адамның кез келмеген бәдігіне-ау.
 Адамның кез келтірсе бәдігіне,
 Жетпейді бес тиындай қадіріңе-ау.

Қайырмасы:

Па, шіркін, қаракер жорға,
 Тисе қолға, кетер ем
 Сапар шегіп алыс жолға-ай.

2-тақырып: ВОЛЬФГАНГ АМАДЕЙ МОЦАРТ

Австриялық Вольфганг Амадей Моцарт – жас кезінен әлемге танылған шетелдік композиторлардың бірі. Ол 1756 жылдың 27 қаңтарында Австрияның шағын ғана бір қаласы Зальцбургтағы сарай композиторы және органшысы Леопольд Моцарттың отбасында туылды. Моцарттың музыкаға деген қабілеті 3 жасынан бастап сезілді. Ол клавесинде сағаттап шұғылданатын, әпкесі – 8 жастағы Аннаның орындаған әуендерін бір естігенде-ақ дәл айна-қатесіз қайтара орындап беретін. Әкесі Леопольд баласының музыкалық қабілетіне тәнті болып, Аннамен бірге Вольфгангқа да музыка сырларын үйрете бастайды. Вольф-



Вольфганг Амадей
Моцарт (1756 – 1791)

ганг Моцарт 6 жасында клавесинде жақсы ойнайтын дәрежеге жетеді және алғашқы шығармаларын – шағын пьесалар жаза бастайды.

Жеті жасында Моцарт әпкесі, 12 жастағы Аннамен бірге Франция королінің резиденциясы – Версаль сарайында концерт береді. Балалар алғашында төрт күнге молжалданған бірнеше күрделі шығармаларды орындап, көпшілікті таң қалдырады. Кейін Вольфганг Моцарт скрипкасын алып, бірнеше шығармаларды таза және үлкен шеберлікпен орындайды. Әпкесі Анна оны клавесинмен сүйемелдейді.

Сарайға жиналған қонақтарды Вольфганг қызықтырады. Ол бірінші рет көріп тұрған бейтаныс шығармаларды да нотаға қарап, тоқтамай, нақышына келтіре орындап береді. Берілген музыкалық үзіндіні де әр түрлі нықышпен орындайды. Қонақтар орындаған музыкалық үзінділерді де еш киналмастан, көзін байлап қойып орындайды.

Оның есімі басқа қалаларға да жетті. Ол бірнеше жыл бойы Вена, Париж, Лондон, Гана, Брюссель, Женева сияқты қалаларда концерт қойды.

Әкесі Леопольд ұлы Вольфгангқа музыка жазу сырларын, композицияны жете үйретті. Сол еңбектің жемісі болар, 8 жастағы Моцарттың бірінші кітабы Парижде басылып шықты. Моцарт он екі жасында бірінші операсын жазды.

Вольфгангтың әкесі балаларының жан-жақты білім алуына жағдай жасап берді. Жас Моцарт шет тілі, арифметика және басқа пәндерден де жеткілікті білім алды. Ол Парижде, Лондонда опера театрларына және симфониялық оркестрлердің концерттеріне жиі-жиі барып тұратын.

Вольфганг Моцарт әкесімен бірге Италияға жасаған сапары оның өмірінде өшпестей із қалдырды. Италия қалаларының бай сәулеті, сұлу табиғаты, мұражайлары мен театрлары жас Моцартты шабыттандырып жіберді.

Моцарт бірнеше ай Италиядағы ең білгір музыка теоретигі Падре Мартиниден композиторлық сырларын үйренеді. Оқудың соңында 14 жастағы Моцарт сынақтардан сүрінбей өтіп, Болония Музыка Академиясының құрметті мүшесі деген диплом алуға қол жеткізді.

Жаңа шабыт және жаңа әсерлермен ол өте көп музыкалық шығармалар жазды. “Фигароның үйленуі”, “Сиқырлы флейта” операларын, көптеген симфониялар, фортепианоға арнап жазылған сонаталар, концерттер және хорға арналған әндер – соның жемісі.

Бірақ жергілікті аристократтар Вольфганг Амадей Моцарттың өмірінің соңында оның ұлы дарынын бағалай білмеді. Оған қызметкер, бай және дәулетті адамдардың көңілін көтеретін жай ғана бір қызықшы деп қарады. Моцарт музыканы өміріне қажет жұмыс деп түсінді.

Моцарт небәрі 36 жыл өмір сүрді. Бірақ осы қысқа ғұмырында музыкалық бай мұра қалдырды. Бүкіл әлем оны ұлы композитор деп мойындайды және оның шығармаларын сүйіп тыңдайды.

● *В.А.Моцарттың шығармаларын немесе оқытушының орындауында “Баҳор согинчи” шығармасын тыңда.*




“Ким эпчилу, ким чаққон”. Сөзін жазған А.Обиджон, әнін жазған А.Мансуров

BAHOR SOG'INCHI


Сөзін жазған А.Обиджон
Сафар Барноев аудармасы

Музыкасын жазған В.Моцарт

Kel- gin, ba-hor, qay- ta ya-na gul- la- sin qir- lar.



di- ra-gan ir- moq- lar-dan yay- ra- sin dil- lar,
 lar so- zi, qu- yosh nu-ri Ko‘z- la- ri- miz och- sin,
 loq- lar-da o‘y- noq- lay-lik, zavq- la- ri- miz tosh-sin.

 **Соната жанры.** Музыка шығармашылығында кездесетін белгілі бір жанрлардың арасында соната жанры өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді. Соната жанры негізінен аспап музыкасының музыкалық түрі саналады. Көбірек фортепьяно үшін жазылған шығармаларда кездесетіні іс жүзінде белгілі.


Соната жанры – екі тақырыптың біріне-бірі қарама-қарсылықтағы әрекетіне негізделген пішін. Соната жанры басты тақырып пен жанама тақырыптардың ерекше жаңғыруын, олардың қарама-қарсылықтағы үйлесімділігін бейнелеуімен ерекшеленеді. Оның негізгі құрамдық бөліктері төмендегілерден құралған: экспозиция – даму – репиза – кода.

- ?!
- 1. В.Моцарт неше жасынан музыкалық шығармалар жаза бастады?
 - 2. Оның әпкесі Аннамен бірге қойған концертті жайлы әңгімеле.
 3. Моцарт өзінің бірінші операсын неше жасында жазды?
 4. Моцарттың білім алуы үшін қандай жағдай жасалды?
 5. Моцарттың Падре Мартинидің шәкірті болғаны және Болония Музыка Академиясының құрметті мүшесі дипломын алғаны жайлы әңгімелеп бер.

3-Тақырып: СИМФОНИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

“Симфония” сөзі грекше екі – “сун” (бірге) және “фоне” (дауыс) сөздерінен құралған. Ол бірнеше аспап саздарының бірге орындалуы нәтижесінде пайда болатын музыкалық шығарма болып саналады.

Симфонияларды симфониялық оркестр орындайды. Кейде оған хор және жеке әнші қосылады. Симфониялық оркестрдің қандай аспаптардан құралғанын жақсы білесің. Толық симфониялық оркестрдің құрамы шамамен мынадай:



Симфония төрт бөліктен құралады:

- I бөлім соната аллегро түрінде жазылады;
- II бөлім лирикалық түрде, байсалды қарқынмен орындалады;
- III бөлім менуэт немесе скерцо мәнінде жазылады;
- IV бөлім рондо түрінде, яғни кейбір әннің қайырмасына ұқсап әр кез қайта орындалады. Бұл бөлім салтанатты және көңілді түрде болады.

Симфония жанрын неміс, чех, итальян, француз және австриялық композиторлар жазған.

Симфонияның классикалық түрлерін Й.Гайдн, В.Моцарт, П.Чайковский, С.Прокофьев, Д.Шостакович сияқты шетелдік композиторлар жазған. Өзбек музыка шығармашыларының арасында М.Ашрафи, И.Акбаров, Т.Құрбанов, С.Жалил, М.Тожиев, Б.Лутфуллаев, М.Бафоев, тағы басқалар – симфониялық музыка жанры бойынша алғашқы туындылар жазған композиторлар.

Симфонияның қарапайым және көлемі жағынан да шағын түрлері бар, бұл симфониялық шығарма – симфонетта деп аталады. Бір бөлімді симфониялық шығарманы “симфониялық шығарма” дейді.

● *В.А.Моцарттың шығармаларынан үлгі тыңда (40-симфония).*

В.МОЦАРТ
(40-симфония)

Орташа жылдам



Симфонияның құрамдық бөліктері.

Симфония – оркестр үшін молжалданған ірі музыкалық шығарма. Симфониялар төрт бөлімнен құралады: 1-бөлім – соната аллегросы түрінде; 2-бөлім – үш бөлімді соната немесе вариация түрінде; 3-бөлім – үш бөлімді (басқа бөлімдеріне қарағанда жандандыра орындалады); 4-бөлім – рондо немесе вариация түрінде болып, салтанатты қорытынды бөлім саналады.

Музыка шығармашылығының практикасында 1 бөлімді және 2 бөлімді симфониялар да жазылған.



- ?! 1. “Симфония” сөзін сипаттап бер.
- 2. Симфониялық оркестр қандай сазды аспаптардан құралады?
 - 3. Симфонияның құрамдық бөлімдері жайлы айт.
 - 4. Симфония жанрында шығармашылық жасаған қандай атақты композиторларды білесің?
 - 5. Өзбек композиторларынан кімдер симфония жанрында тиімді шығармашылықпен айналысқан?

4-тақырып: ЛЮДВИГ ВАН БЕТХОВЕН

Людвиг Ван Бетховен Германиядағы Рейн өзенінің жағалауындағы шағын Бонн қаласында 1770 жылы дүниеге келді.

Оның әкесі Иоганн да көп жылдар сарай музыканты, әншісі болған.

Бетховеннің отбасы өте кедейлікпен өмір сүрді.



Людвиг Ван Бетховен
(1770 – 1827)

Людвиг өте қарапайым, өз киялымен жүретін және өзін әрдайым жалғызбын деп сезінетін бала еді. Бірақ ол музыканы өте қатты ұнататын. Әкесі балаларының музыкант болғанын қаламайтын. Сондықтан бала Людвиг скрипкада ойнауды әкесінен жасырын үйренді.

Ұлының скрипка ойнағанын кездейсоқ естіген Иоганн алғашында баласын ұрысты, сосын Людвигтің дарынды екенін сезіп, одан “екінші Моцарт” дайындамақшы болды. Сол арқылы баюдың соңына түсті. Иоганн жас Людвигті клавесин мен скрипкада ойнауға машықтандыра бастады. Бірақ оның жаттығулары негізінен гамма жаттығуларын ойнаудан өзге ештеңе емес еді. Людвиг естіген музыкаларын тез, өз бетімен үйреніп алатын және көпке дейін шығармаларды жадынан орындайтын.

Арадан біраз уақыт өткен соң, 1778 жылы әкесі Иоганн 8 жастағы Людвигті бірінші рет көпшіліктің алдына шығарды.

Концерт тамаша өтеді және жас дарынды Людвиг Ван Бетховеннің аты лезде халық арасына таралады. Енді оған арнайы мұғалімдерді шақыра бастайды. Органшы Нефе оның нағыз оқытушысы әрі шынайы досы болып қалады.

Көп өтпей Людвиг клавесинде, скрипка мен органда жақсы ойнайтын, шығармаларды еркін импровизациялап (әр түрлі нақыш және пішіндерде) ойнай алатын болады. Людвигті

жалпы білім беретін мектепте оқытуға отбасының қаражаты жоқ еді. Көп еңбектеніп, мектептегі пәндерді Людвиг өз бетінше үйренді. Ол неміс тілі мен әдебиетін, ертедегі филологтардың шығармаларын жетік меңгерді. Отбасының нашар жағдайы оны жастайынан жұмыс істеуге мәжбүрледі. Ол сарай капелласында орган ойнаушының көмекшісі болып жұмыс істей бастады.

Людвиг Ван Бетховен жастайынан шығармалар жазуға барынтасымен кірісті. Әсіресе оның сонаталары мен симфониялары әлемге әйгілі болып кетті.

Өмірінің соңында Бетховен көп қиыншылық көрді. Қызамықтың салдарынан оның құлағы естімей керең болып қалды. Бұл ол үшін үлкен қасірет еді.

Соншама қиыншылыққа мойымай, Бетховен өмірінің соңына дейін музыканы тастамады. Ол өте көп құнды музыкалық шығармалар – сонаталар, пьесалар, симфония, оратория және “Фиделео” операсын жазып қалдырды.

Ол музыканың құдіретті күш екенін біліп: “Музыка адамның жан дүниесін найзағайдай жарқыратуы керек,” – деген екен.

⊙ *Л.Бетховеннің “Қаһармандық” 3-симфониясынан үзінді тыңда.*



Классицизм туралы. Жан-жақты кемелденген шығармашылық үлгісі классика деп айтылады. Классицизм сөзі – латын тілінде үлгілі деген мағына береді. Сондықтан әдебиетте, музыкада, тағы басқа салаларда осы бағытқа негізделу, үлгілі шығарма жарату әрдайым шығармагерлердің назарында болған. Классицизм музыкаға XVII ғасырда кіріп келген. Музыкадағы классицизмге тән қағидағтар – шығармалардағы анық идея, кемел композициялық құрылым, жанрлар арасында нақты шекараның көрініс табуы.

Музыкада классикалық бағытта шығармашылықпен айналысқан Л.Бетховен, В.Моцарт сияқты композиторлардың шығармалары өзінің шынайы кемелдігімен және үлгілілігімен ерекшеленеді.

- ?! 1. Бетховен қашан және қай жерде туылған?
 2. Людвиг ван Бетховеннің балалық шағы туралы әңгімелеп бер.
 3. Бетховеннің алғашқы концерті туралы әңгімелеп бер.
 4. Бетховен отбасының нашар жағдайы оның шығармашылығына қалай әсер еткені туралы айт.

5-тақырып: ФРИДЕРИК ШОПЕН



Фридерик Шопен
(1810 – 1849)

Фридерик Шопен – әлемдік музыка мәдениетіне үлкен үлес қосқан поляк композиторы. Ол – фортепьянода ойнауда ең жоғары шеберлікке жеткен, өз заманының шебер (виртуоз) пианиношысы және поляк классикалық музыкасының негізін қалаушы.

Композитор Польшаның астанасы – Варшава төңірегіндегі аумақтардың бірінде 1810 жылы туылған. Ұлы дарын иесі Фридерик музыкамен өте ерте шұғылдана бастады және 7 жасында бірінші шығармасын жазды. 8 жасынан бастап отбасы – көпшілік жиындарда пианиношы ретінде концерттерге қатысты.

1830 жылы Фридерик орындаушылық шеберлігін арттыру мақсатында Парижге барады және тағдыр тәлкегімен өмірінің соңына дейін еліне қайтпайды. Өйткені, 1831 жылы Польшада революциялық күресерге шек қойылады. Отан тәуелсіздігі үшін күрескендерді өлтіреді. Ал Фридерик өз заманында тәуелсіздік үшін күрескендердің арасында болады. Сондықтан оның шығармашылық қызметі мен өмірі отанынан алыста өтті. Ол 1849 жылы Парижде қайтыс болды.

Ф.Шопеннің шығармашылығында фортепьяно музыкасы негізгі орынды иелейді. Оның шығармашылығындағы өзіне тән ерекшелік шығармаларының ұлтшылдығынан, идеялық образдылығынан, сезімге бай нәзіктігінен көрінеді.


Шопен шығармашылығы элем музыкасына, соның ішінде, фортепьяно музыкасының дамуына үлкен эсер көрсетті. Ол негізінен фортепьяно үшін шығармалар жазған және олар “Алтын мұраның” ең тамаша үлгілеріне айналған. Әрбір пианиношы оның шығармаларын орындауды мақтаныш санайды. Шопеннің шығармалары: 2 концерт, фортепьяно үшін; 4 пьеса, 3 соната, 4 баллада, 76 полонез, 60-қа жуық мазурка, 17 вальс, 27 этюд, т.б.

● Ф.Шопеннің шығармаларынан үзінді тыңда

МАЗУРКА

Әнін жазған Ф.Шопен

Өте жылдам



- ?! 1. Фридерик Шопен – шебер пианиношы.
 .! 2. Шопен неше жасынан музыка жаза бастады?
 3. Шопенның шығармашылығына тән қасиет жайлы айтып бер.
 4. Шопен қайсы жанр бойынша бай музыкалық мұра қалдырған?

Базарбай Жұманиязов

(1936)



Базарбай Жұманиязов “Еңбек даңқы”, “Жер”, “Отан салтанаты”, “Кең байтақ Отаным менің” атты кантаталары мен “Халық туралы ән”, “Кек әні” сияқты көптеген симфониялық поэмаларын, ән-романстарын, ақын Сағи Жиенбаевтың либреттосына “Махамбет” операсын жазды.

“МАХАМБЕТ” ОПЕРАСЫ

Е- реу- іл ат- қа ер сал- май,
 Е- геу- лі най- за қол- (ға) ал- май,
 Ең- ку, ең- ку жер шал- май,

Қоң- ыр сал- қын төс-(ке) ал- май,
 Те- бін- гі тер- ге ші- рі- мей,
 Тер- лі- гі май- дай е- рі- мей,
 Ер- лер- дің і- сі, Ер- лер-дің і- сі,
 Ер- лер-дің і- сі бі- тер ме?
 2.

**6-7-тақырыптар: МИХАИЛ ИВАНОВИЧ ГЛИНКАНЫҢ ӨМІРІ
 МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. ЕУРОПА МУЗЫКАСЫНЫҢ ӘЛЕМ
 ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНА ТАРАЛУЫ.**

Орыс классикалық музыкасының негізін қалаушы Михаил Иванович Глинка 1804 жылы 20 мамыр күні Смоленск губерниясының Новоспасс селосында туылған. Глинканың



*Михаил Глинка
(1804 – 1857)*

музыкаға әуестігі жас кезінен-ақ білінді. Ол диқандар оркестрі орындаған күйді тыңдап, скрипкада, флейтада және фортепьянода ойнауды үйрене бастайды. Сонымен қатар шет тілін, әдебиет пен тарихты, сурет салуды үйренді.

1817 жылы Глинка Петербургке көшіп келеді және бұл жердегі Благородный пансионнда оқиды. 1822 жылы пансионды бітіргеннен кейін музыкаға көп көңіл бөле бастайды. Глинка шығармашылығында Пушкин, Грибоедов, Жуковскийлермен болған сұхбаттар маңызды орын ала-

ды. 20-жылдардың соңында Глинка бірнеше шығармалар жазды. Музыкалық өнерін одан әрі жетілдіру мақсатымен Германия мен Италияға сапар шегеді. Бұл жерде Глинка қала өмірімен, мәдениетімен, ірі композиторлармен танысады, заманалық музыканы үйренеді. Италияда бірнеше шығарма жазады. 1834 жылы Ресейге қайтып, “Иван Сусанин” операсын жаза бастайды. Оның бірінші рет орындалуы 1836 жылы 27 қарашада өтіп, үлкен табысқа ие болды. Сосын “Руслан және Людмила” операсын жазуға кіріседі. 1844 жылы Глинка Парижге барады. Берлиозбен кездеседі және онымен сұхбаттасады. Берлиоздың жаңашылдығына Глинка жоғары баға береді. 1845 жылы Глинка Испанияға барып, үлкен шығармашылық жетістіктерге жетті. Мадридте 1846 жылы “Арагонская хата” фантазиясын жазды. Өмірінің соңғы 9 жылында “Катаринская” симфониялық фантазиясын, шағын пьесалар, романстар жазды, бұрынғы жазған шығармаларын қайта өңдеді.

Михаил Иванович Глинка 1857 жылы Берлинде қайтыс болады.



М.Глинка шығармаларынан таңдап, үлгі тыңда.

КАТАРИНСКАЯ (Симфониялық фантазия)

Әнін жазған Михаил Иванович Глинка

Орташа жылдам

The musical score is written for piano in 2/4 time, D major. It consists of four systems of music. The first system begins with a forte (*sf*) dynamic and a mezzo-forte (*mf*) dynamic. The second system features piano (*pp*) and piano (*p*) dynamics. The third and fourth systems continue the melodic and harmonic development.

Еуропа музыкасының әлем халықтары арасына таралуы. Еуропа музыкасының қалыптасуы өте үлкен кезенді ба­сып өткен және қазіргі күнге дейін де дамып келеді. Оның әлем халықтарына көрсеткен әсері үлкен, бұл жағдайды Достастық Мемлекеттері халықтарының музыка мәдениетінен де көруі-

мізге болады. Бұл үдеріс алдымен орыс музыкасына өтіп, дамыды, сосын басқа халықтармен қатар қырғыз, қазақ, тәжік, әрине, өзбек музыкасына да терең әсер етіп, өзіне тән бағытпен қалыптаса бастаған.

Еуропа музыкасының дәстүрлері өзбек музыкасына XX ғасырдың басында кіріп келді. Сөйтіп, өзбек композиторларының шығармашылығында бұл үдерістің әсері өзгеше реңк алды және ғасырлар бойы дамыды, өзінің шарықтау шыңына жетті. Бұл үдеріс алдыңғы буын композиторлары В.Успенский, С.Козловский, С.Василенко, Р.Глиерлердің Т.Содиқов, М.Ашрафи, И.Акбаров, Т.Жалилов, М.Бурхановтармен шығармашылық достығынан бастау алған. Еуропаға тән камералық аспаптар, опера, симфониялық шығармалар пайда болды. Дәл осындай жағдайды Орта Азия елдерінен де байқауға болады.

● *Еуропа классикалық музыкаларынан таңдап, үлгі тыңда.*

- ?! 1. М.И.Глинканың музыкаға қызығуында диқандар оркестрінің рөлі қандай болды?
2. “Руслан және Людмила” операсының жазылуы туралы айт.
3. “Катаринская” симфониялық фантазиясының жазылуы туралы әңгімелеп бер.
4. Орта Азия халықтарының музыкасында еуропаша жанрдағы шығармалардың пайда болуы.
5. Бірінші өзбек симфониялық композиторларынан кімді білесің?

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1. Вольфганг Амадей Моцарт қайсы ғасырда жасап, шығармашылықпен айналысқан?

- A) XVIII ғасырда B) XIX ғасырда C) XX ғасырда

2. Композитор Вольфганг Амадей Моцарттың отаны қай жер?

- A) Франция B) Қытай C) Австрия

3. Людвиг ван Бетховеннің операсын белгіле.

- A) “Фиделео” B) “Сиқырлы най” C) “Кармен”

4. Фридерик Шопен қайсы ұлттың композиторы?

- А) Француз Б) Поляк С) Жапон


5. Михаил Иванович Глинка қайсы ұлттың композиторы?

- А) Өзбек Б) Неміс С) Орыс

6. Фортепьяно –

- А) Пернелі клавишті ұрмалы аспап Б) Пернелі аспап
С) Ұрмалы-соқпалы аспап

БАСҚАТЫРМА



1. Бетховеннің есімі.
2. Бүкіл әлемде кең таралған музыка аспабы.
3. Төрт аспаптан құралған ансамбль қалай аталады?
4. 40-тан астам симфония жазған неміс композиторы.
5. “Элизаға” шығармасын жазған неміс композиторы.
6. Атақты польшалық пианиношы және композитор.
7. Ұлы орыс композиторы.
8. Кәсіби музыка тағы қалай аталады?

9. Польша халық билерінің бірі.
10. Ірі музыкалық шығарма.
11. Бетховеннің атақты шығармасы.
12. Бетховеннің 3-симфониясы қалай аталған?
13. Композиторлық шығармашылық жанрларының бірі.
14. Композиторлық шығармашылықтан кең орын алған жанрлардың бірі.
15. Орыс композиторы М.Глинканың симфониялық фантазиясының аты.

МАЗМУҢЫ

Алғы сөз.....	3
Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны.....	4

I ТОҚСАН

Классикалық музыка туралы түсінік

<i>1-тақырып:</i> Классикалық музыка.....	6
<i>2-тақырып:</i> Классикалық күйлер	7
<i>3-тақырып:</i> Классикалық ашула	10
<i>4-тақырып:</i> Шашмақам – классикалық музыкамыздың негізі.....	12
<i>5-тақырып:</i> Ферғана – Ташкент өңірінің классикалық музыкасы. Катта ашула	15
<i>6-тақырып:</i> Хорезм өңірінің классикалық музыкасы.....	17
<i>7-тақырып:</i> Сұрхандария – Қашқадария классикалық музыкасы.....	20
<i>8-тақырып:</i> Классикалық музыканың мәдениетіміздегі орны.....	23
Бақылау жұмысы.....	24
Басқатырма	25

II ТОҚСАН

Заманалық музыка және оның негізгі ерекшеліктері

<i>1-тақырып:</i> Өзбек заманалық музыкасы.....	26
<i>2-тақырып:</i> Заманалық музыканың түрлері.....	29
<i>3-4-тақырыптар:</i> Фольклорлық музыка және жыршылық өнері.....	30
<i>5-тақырып:</i> Эстрада музыкасы. Б.Закиров және “Ялла” тобы.....	34
<i>6-тақырып:</i> Музыка өнері бойынша байқаулар мен фестивальдардың өткізілуі.....	38
Бақылау жұмысы.....	39
Басқатырма.....	41

III ТОҚСАН

Шығыс халықтарының классикалық музыкасы

<i>1-тақырып:</i> Шығыс тароналары.....	42
<i>2-тақырып:</i> Түрік және әзербайжан халықтарының классикалық музыкасы.....	45
<i>3-тақырып:</i> Түрікмен халқының классикалық музыкасы.....	46
<i>4-тақырып:</i> Иран және араб халықтарының классикалық музыкасы.....	49
<i>5-тақырып:</i> Қытай және ұйғыр халықтарының классикалық музыкасы	52
<i>6-тақырып:</i> Жапон және үнді классикалық музыкасы.....	54

7-8-тақырыптар: Қазақ және қырғыз халықтарының музыкасы	57
9-тақырып: Шығыс халықтарының кәсіби музыкасындағы ұқсастықтары.	60
Бақылау жұмысы	64
Басқатырма.	65

IV ТОҚСАН

Еуропа классикалық музыкасы туралы түсінік

1-тақырып: Еуропа классикалық музыкасы.....	66
2-тақырып: Вольфганг Амадей Моцарт	70
3-тақырып: Симфония туралы түсінік.....	74
4-тақырып: Людвиг ван Бетховен	77
5-тақырып: Фридерик Шопен	79
6-7-тақырыптар: Михаил Иванович Глинканың өмірі мен шығармашылығы. Еуропа музыкасының әлем халықтары арасында таралуы.....	82
Бақылау жұмысы.....	85
Басқатырма	86

Соиб Бегматов

МУЗЫКА

6-сыныпқа арналған оқулық
Қайта өңделген 6-басылымы

Қазақ тілінде

Редакторы Ақан Ташметов
Суретші *Шухрат Мирфаёзов*
Техникалық редактор *Екатерина Корягина*
Қазақшаға аударған *Турсинали Ахмедов*
Компьютерде беттеген *Умида Валижонова*

Баспа лицензиясы №290.04.11.2016. Басуға рұқсат етілді _____. Пішімі 70x90 1/16.
Кеглі 12. “Таймс” гарнитурасы. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 6,02. Есептік баспа табағы 6,0.Таралымы _____ дана.
Тапсырыс №_____. Келісімшарт № _____.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
Ғафур Ғұлам атындағы баспа-шығармашылық үйі.
100128. Ташкент, Лабзак көшесі, 86.

www.gglit.uz info@gglit.uz